

**Н.А. Раупова, Ә.Т. Төлебиев, Е.В. Дашкевич**

# КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

## 3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 85.12я72

Р 22

*Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Ойлан және жауап бер.



Өзің жаса.



Тәжірибе жаса.



Байқампаз бол.



Өңгіме құра.



Оқы, бұл қызық!




Мәліметті ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден тап.



Ата-анаңмен бірге орындалатын жоба жұмысы.



Абай бол!



Тірек сөздер.

**Раупова Н.А. т.б.**

**Р 22 Көркем еңбек:** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық /Н.А. Раупова, Ө.Т. Төлебиев, Е.В. Дашкевич. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

ISBN 978–601–331–105–0

ӨОЖ 373.167.1

КБЖ 85.12я72

ISBN 978–601–331–105–0

© Раупова Н.А., Төлебиев Ө.Т.,  
Дашкевич Е.В., 2018

© «Атамұра», 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты досым! Сен үшінші сыныпта жаңа қызықты тақырыптармен танысасың. Олар:



Жанды табиғат



Жақсыдан үйрен,  
Жаманнан жирен



Уақыт



Сәулет өнері




Өнер



Атақты тұлғалар



Су – тіршілік көзі



Демалу мәдениеті.  
Мерекелер

Әсерлегіш құралдарды пайдаланып, жаңа тәсілмен бұйымдар жасап үйренесің. Саған шығармашылық табыс әрі мол жетістік тілейміз!

## ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- жанды табиғат дегеніміз не екенін;
- симметрия деген не;
- штрих және бояу жағындысының не екенін



БІЛЕСІҢ;



- әр алуан штрих және сызық арқылы сурет салуды;
- әртүрлі жолдармен симметриялы сурет салуды;
- жануарларды мүсіндеуді;
- көлемді-кеңістікті композиция жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



ШТРИХ  
ШТРИХ  
STROKE

ҮЙРЕНЕСІҢ.



## СЕНІ ҚОРШАҒАН ОРТА

Табиғат – адамды қоршаған дүние. Ол: теңіз бен мұхит, тау мен шөл, өсімдіктер мен жануарлар. Табиғат дамудың нәтижесінде пайда болды. Табиғаттың жанды және жансыз түрі бар.

?!

1. Өсімдіктер мен жануарлар және адамның өзі де жанды табиғаттың нысаны. Олар туралы дүниетану сабағынан не білесің?
2. Жансыз табиғатқа Күн, тау, тас, аспан, жұлдыздар және т.б. жатады. Олар туралы не білесің?



Өсімдіктер мен жануарлардың адам үшін маңызы туралы шағын әңгіме жаз.

Өсімдіктер мен жануарлардың адамға пайдасы көп, сондай-ақ олар өте әдемі. Сен суретші ретінде қоршаған ортадағы әсемдікті байқай білуің керек.




?!

Табиғатты шебер суретші дейді. Оны қалай түсінетініңді айтып бер.

## СИММЕТРИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Кез келген ағаш жапырағына қара (үйеңкі, талшын, емен, қайыңның жапырағы). Олардың оң жағы мен сол жағы бірдей екеніне көңіл бөл. Жапырақты қақ ортасынан бүктесең, оның екі жағы тура беттеседі.



Инелік, қоңыз, көбелек және т.б. жәндіктерге назар аудар.



Олардың да оң және сол жағының бірдей екенін байқайсың. Мұны **екі жағы бірдей симметрия** деп атайды. Ал бейнені бірдей екі бөлікке бөлетін сызықты **симметрияның осі** дейді.



Симметрия құбылысы табиғатта байқала бермейді. Мысық және тағы басқа жануарлардың суреттеріне қарап, олардың симметриялы екенін дәлелде.






Симметриялы суретті қалай салуға болады? Оны моно-типия тәсілімен жасаған оңай.

1. Қағаз парағының ортасынан жіңішке сызық жүргіз. Сызықтың сол жағына көбелектің қанатын суреттегідей етіп бояумен сал.

2. Қағазды сызықтың үстінен ақырын бүкте. Сурет ішінде қалсын. Қағаздың екі жағын беттестір де, үстінен қолыңмен басып тұр.



3. Қағазды аш. Сурет таңбасы пайда болды. Енді керекті бөлшектермен толықтыр. Симметриялы сурет жасай алдың ба?



Симметриялы суретті қағаз бен қайшыны пайдаланып жасай аласың. Қағаз парағын екіге бүкте. Бүктелген тұсына жапырақтың жартысының суретін сал. Мысалы, үйеңкі жапырағын бейнелеуіңе болады. Жапырақты сызықтың бойымен қиып ал. Енді ашып көр. Міне, сен үйеңкі жапырағын жасадың.



## СУРЕТТЕГІ ШТРИХТІҢ ӘСЕРЛІЛІГІ

Жақсы суретші болу үшін табиғатты мұқият бақылап, оны бейнелей білу керек. Бұл жерде саған сызық, штрих және түс көмекке келеді.




1. Сызық туралы не білесің? Есіңе түсір.
2. Оның қандай түрлері бар?

ШТРИХ  
ШТРИХ  
STROKE

Сызықтың сенімді көмекшісі – **штрих**. Штрих дегеніміз – қысқа сызықтар. Ол да сызық тәрізді әртүрлі болады.



Штрихпен сары үрпек балапанды, тікенекті кірпіні, қылқан шөптерді, бұйра жүнді қойды және тағы да басқа көптеген қызықты заттарды бейнелеуге болады. Кішкене талпынсаң, әдемі сурет саласың!





Штрих арқылы натураға қарап сурет сала аласың. Суретшілер штрих, сызық және түсті шебер пайдалана отырып, табиғатты бейнелегенді жақсы көреді.



*А. Дюрер. Қоян*



*К. Петров-Водкин.  
Ертегіге иллюстрация*

?!

Мына картиналарға қарап, оларды суреттеп бер. Штрихтің әсерлілігіне назар аудар.

Әртүрлі сызық, штрихтармен бірнеше жапырақтың, шөптер мен ағаш бұтағының, тіпті ағаштың тұтас суретін сал.



## БОЯУ ЖАҒЫНДЫСЫ – КЕСКІНДЕМЕШІ-СУРЕТШІНІҢ ӘСЕРЛЕГІШ ҚҰРАЛЫ

Кескіндемеші-суретші әдетте майлы бояулармен жұмыс істейді. Қазірше сен үшін басты бояулар акварель мен гуашь болмақ.

**Акварель** (латынның «*аqua*» – «су» деген сөзінен шыққан) – суда еритін мөлдір бояулар.



Қағазға сызық жүргізіп, үстінен акварель бояуын жақ. Не көріп тұрсың? Қорытынды жаса.



**Гуашь** – суда еритін қоймалжың бояу түрі.




Қағазға сызық жүргізіп, үстінен гуашь бояуын жағып шық. Не байқадың? Қорытынды жаса.

**Қылқалам** – кескіндемеші-суретшінің қолындағы ең басты құрал. Қылқаламмен жұмыс істеудің көптеген тәсілі бар. Соның бірі – бояуды баса жағу. Оның алуан түрі болады. Суретшілер бояуды баса жаға отырып, толқын, шөп, ақша бұлттарды шебер бейнелейді.





*В. Ван Гог. Овердегі жаңбырдан кейінгі пейзаж*



Голланд суретшісі В. Ван Гогтің кескіндеме жұмысына қара. Бояуларына назар аудар. Суретші егіс даласын, шөпті, ағаштарды, аспан мен бұлттарды бейнелеу үшін пайдаланған бояуларды суреттеп бер.

## ЖАПЫРАҚТАРДЫ ӨРТҮРЛІ ТӘСІЛМЕН БЕЙНЕЛЕЙМІЗ

Суретші алдымен табиғатты бақылайды. Одан соң пейзажды, жануарлар мен өсімдіктерді өз тәжірибесін пайдалана отырып бейнелейді.



Жапырақтарға қара. Олардың пішінінен қай ағаштың жапырағы екенін білуге болады. Мысалы, талшын жапырағы бес не жеті жапырақшадан тұрады. Олардың барлығы жапырақ сабағының бір нүктесінен тарайды. Қараағаштың жапырағының пішіні тұтас, жиектері керттік, ал үйеңкінің жапырағы өрнекті.



1. Өзің білетін ағаштарды ата.
2. Олардың жапырақтарын суретте.
3. Сен тұратын жерде қандай ағаштар өседі?

Егер сен жақсы суретші болғың келсе, байқампаздығың мен қиял ұшқырлығың, қабілетіңді ұшта. Жапырақтарды өртүрлі тәсілмен бейнеле:

- жай және түрлі түсті қарындашпен;



• акварель және монотипия тәсілімен, әрі қарай фломастермен бояу арқылы;



• аппликация тәсілімен (ескі журналдардан жапырақтарды қиып алып, оларды түрлі түсті қағазға әдемілеп желімде).

Егер жапырақты әртүрлі өрнектермен әшекейлесең, өте әдемі көрінеді. Сен қалай сәндеу керекін білесің.



**Суреттерді қайда пайдаланамыз?**



Суретті екіге бүктелген түрлі түсті қатты қағазға жапсыруға болады. Сонда ерекше құттықтау ашық хатын дайындайсың. Ал суретті жақтауға салатын болсаң, оны қабырғаға іліп, бөлмеге сән беруге болады.



1. Жапырақты қалай бейнелейтініңді шеш.
2. Жасаған жұмысыңды қай жерде пайдалана алатыныңды ойлан.

## СУРЕТШІЛЕР ЖАНДЫ ТАБИҒАТТЫ ҚАЛАЙ БЕЙНЕЛЕЙДІ?



Суретшілерді жанды табиғат әлемі әрдайым қызықтырады. Ежелгі заманның өзінде алғашқы суретшілер әртүрлі жануарларды – зіл, өгіз, жылқыны жартастар мен үңгірлердің қабырғасына бейнелеген. Сондықтан да олар үңгір немесе жартастағы суреттер деп аталды.



Қ. Аманжолова.  
Көрші аулада



В. Верещагин.  
Керуен-сарайдың ауласындағы түйе



1. Табиғатты бейнелейтін суретшіні қалай атайды?
2. Жануарларды бейнелейтін суретшіні ата.

Кейбір суретшілер жануарларды бейнелегенді ұнатады. Ал енді бірі бар өнерін өсімдіктерге арнайды. Олар өсімдіктердің құрылысы мен түсін толық меңгеріп, айнытпай салады. Бейнелеудің бұл түрі **ботаникалық кескіндеме** деген атқа ие болған. «Ботаника» – гректің сөзі, ол «өсімдік» деген мағынаны білдіреді. Мұндай өсімдік суреттерін әртүрлі ботаникалық энциклопедиялардан көре аласың.



А. Хартингер.  
Дафна

## БАЛАЛАР ЖАНДЫ ТАБИҒАТТЫ ОСЫЛАЙША БЕЙНЕЛЕЙДІ



5, 9, 12, 13-беттердегі материалдарды меңгеріп, «Суретші және жанды табиғат» деп аталатын шағын әңгіме ойластыр. Мына сұрақтарға жауап берсең, әңгімені құрай аласың.

1. Суретші неліктен жанды табиғатты зерттейді?
2. Суретші жанды табиғаттағы нелерді бейнелейді?
3. Оны қандай жолдармен бейнелейді?
4. Өзің ненің суретін салғанды ұнатасың?


## ЖАНУАРЛАРДЫҢ КӨЛЕМДІ БЕЙНЕСІН ЖАСАЙМЫЗ

Жануарлар – жанды табиғаттың бір бөлігі. Сен аңдар мен құстарды қарындаш және бояулармен салдың, аппликация, коллаж, монотипия жасадың. Бүгін жануарлардың көлемді бейнелерін полимер балшығынан немесе ермексаздан мүсіндейсің.



Егер сен мына бөліктерді жасасаң, кез келген жануарды мүсіндей аласың:

- 1) дөңгелек немесе сопақ басын;
- 2) қияр тәрізді ұзын не сопақ денесін;
- 3) төрт аяғын (егер жылқыны мүсіндейтін болсаң ұзынырақ, ал кірпінің аяғын қысқа етіп мүсіндейсің);
- 4) мойнын (керіктің мойны тәрізді ұзын немесе сусиырдың мойнындай қысқа болады);
- 5) жеке бөліктері (құлағы, көзі, мұрны, құйрығы, терісінің жолақтары мен дақтары) арқылы жануарларды бір-бірінен ажырата аламыз.



## КЕРІКТІ МҮСІНДЕЙМІЗ



Мына керікке қарап, бөліктердің барлығын бір жерге қалай жинауға болатынын білесің. Басын мойнына тісшұқығышпен бекіткен дұрыс. Аяғы нық тұруы үшін сым өткізуіңе болады. Керіктің бейнесі дайын болғанда, ұсақ бөліктерін (көзін, құлағын, құйрығын) қосып жаса. Дақтарын жапсыруды ұмытпа.



## ТАУЫС ҚҰСЫН МҮСІНДЕЙМІЗ

Құсты мүсіндеу үшін мына бөліктерді жасау керек:

- 1) дөңгелек басын;
- 2) денесін (мандариннің бір бөлігіне ұқсас);
- 3) екі аяғын;
- 4) құйрығы мен екі қанатын.



Тісшұқығышпен барлық бөліктерін біріктіріңіз. Қосымша ұсақ бөліктерін, яғни көзін, тұмсығын, айдарын мүсінде. Құстың қанаты мен құйрығын өрнектермен әшекейлеңіз.



## ҰЖЫМДЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАЙМЫЗ

Көлемді композиция жазықта, яғни қағаз не қатырма қағазға орындалған жұмыстардан ерекшеленеді. Оны жан-жағынан қарауға болады. Онда заттар бір-бірінен әртүрлі қашықтықта орналасады.

?!


Өзіңнің айналаңнан көлемді бейнелерден тұратын композицияларға мысалдар келтір.



6–8 адамнан тұратын топқа бірігіңдер. Ұжымдық композицияға ортақ тақырып таңдаңдар. Ол «Хайуанаттар бағы», «Құстар ауласы», «Үй жануарлары» және т.б. болуы мүмкін. Одан соң кім не істейтінін бөліп алыңдар.


?!

1. Балалардың мүсіндеген жануарларына қара.
2. Олар қандай пішіндерді пайдаланған?





Ұжымдық композиция жасау үшін өлшемі 50x50 см қалың қатырма қағаз парағы керек. Оның бетіне жасыл түсті қағазды желімдеңдер. Хайуанаттар бағына қандай жануарлар кіретінін талқылаңдар. Жануарлар мен өсімдіктерді, тас, хауыз, көпірді кім бейнелейді? Өсімдіктерді түсті қатырма қағаздан қиып алып, жапсыруға болады. Композицияның бөліктері дайын болғанда, оларды қатырма қағазға орналастырыңдар. Берік тұруы үшін желімдеп қойыңдар.





## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ



Әлемдегі ең үлкен және ең көрі ағаштардың бірі – секвойя ағашы. Оған Генерал Шерман деген атау берілген. Бұл ағаш Калифорниядағы «Секвойя» ұлттық саябағының «Алып орманында» өседі. Оның жасы 2000 жылдан асады.



1. Өздерің жасаған ұжымдық жұмыс туралы айтып беріңдер.
2. Ол қалай аталады?
3. Қандай жануарларды бейнеледіңдер?
4. Неліктен дәл осы жануарларды таңдадыңдар?
5. Жұмыстарың арқылы не айтқыларың келді?

1. Жанды табиғат дегеніміз не?
2. Суретші штрихпен нені бейнелейді?
3. Симметрия дегеніміз не?
4. Оны қай жерден көре аласың?



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден өзің тұратын жердегі өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтерді тауып оқы.

ШТРИХ  
БОЯУ ЖАҒЫНДЫСЫ  
СИММЕТРИЯ

## ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН (ЖАРЫҚ ПЕН ҚАРАҢҒЫ)



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- иллюстрация дегеніміз не екенін;
- композициядағы қарама-қарсылық (контраст) заңын;
- қарама-қарсы (контрасты) үйлесім бола алатын қосымша түстер туралы



БІЛЕСІҢ;



- қарама-қарсы түстерді пайдалана отырып, композиция жасауды;




- бүктемелі кітап жасауды;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ILLUSTRATION

ҮЙРЕНЕСІҢ.



## ИЛЛЮСТРАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Адам өмірде «жақсы» және «жаман» деген түсініктерді естиді. Бала кезінде саған мейірімді және зұлым кейіпкерлері бар кітаптарды оқып берген болар?

?!

Жақсы және жаман әдеби кейіпкерлерді есіңе түсір. Оларды суретте.

Балалар кітаптарында сурет көп болады. Олар кітаптағы мәтіннің мазмұнын, кейіпкерлердің мінезі мен бейнесін ашуға көмектеседі. Кітаптардағы мұндай суреттер **иллюстрация** (латынның «*illustration*» – «жарық» деген сөзі) немесе безендіру деп аталады. Өйткені суретші иллюстрация арқылы мәтінді түрлендіріп, толықтырады.

?!

1. «Жақсылық пен жамандық» ертегісіндегі екі кейіпкердің иллюстрациясына қара. Оларды суретте.
2. Суретші кейіпкерлердің мінезін көрсету үшін қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланған?



Суретші кітаптағы кейіпкерлердің көңіл күйін көрсетіп, мінезін сипаттау үшін сызық, штрих, бояуларды пайдаланады. Бұл әдемі иллюстрациялар салуға көмектеседі.

**ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ILLUSTRATION**



Палитрада жаман адамның, яғни зұлымның мінезін көрсету үшін бір түс үйлесімін шығар. Жақсы – мейірімді адамға екінші бір түсті шығар. Жақындарың мен достарыңнан түстер үйлесімі қандай кейіпкерлерге сәйкес келетінін табуды сұра. Егер олар дұрыс тапса, онда сен түс үйлесімін дәл берген боласың. Сызықтық композиция жасау арқылы тағы да қайталап сала аласың.



А. Сас. «Ежелгі Қазақстанның аңыздары» кітабына иллюстрациялар



Қазақ халық ертегілері мен аңыздары туралы не білесің? Өзің білетін ертегі, аңыз кейіпкерлерін атап, оларды суретте. Қазақстандық суретші А. Састың «Ежелгі Қазақстанның аңыздары» кітабындағы иллюстрациялар туралы не айтасың? Суретші қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланған?

## КОМПОЗИЦИЯДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ (КОНТРАСТ)

Суретші композицияны әсерлі көрсету үшін қарама-қарсылық заңын жиі қолданады. Ол көлемі, пішіні, түсі, нысандардың сипатына қарай байқалады.

Сен «Қаңбақ шал мен Дәу» ертегісін оқыған боларсың? Осы ертегіге арқау болған иллюстрацияға қарашы. Суретші көлемнің қарама-қарсылығын бейнелеген. Ол Қаңбақ шалды шынашақтай етіп, ал Дәуді алып қылып көрсетеді.




*Е. Сидоркин. «Қаңбақ шал мен Дәу» ертегісіне иллюстрация*



*Г. Ысмайылова. «Алпамыс» операсына жасаған киім нобайы*

Ал Г. Ысмайылованың мына жұмысында өзгеше қарама-қарсылық, яғни түстік қарама-қарсылық бар. Ақ көйлек киген қыз қара киімді, зор денелі батырдың жанында өте нәзік көрінеді.



1. Мына иллюстрация туралы не айтасың?
2. Суретші қандай қарама-қарсылықты пайдаланған?
3. Суретті әсерлі етіп тұрған не?



Суретшілер бейнелеу өнері шығармаларында мынадай қарама-қарсы қатынастарды пайдаланады:

• **түстік қатынастарда**

1) жылы және суық түстер қатынасы;



2) ақ және қара түстер қатынасы (ашық және қою);



• **өлшемдерінде**

1) үлкен мен кішінің қатынасы;



2) биік пен аласаның қатынасы;



• **пішіндерінде**

1) жұмсақ және қатты пішіндердің қатынасы;



2) күрделі және қарапайым пішіндердің қатынасы;



• **қозғалыста**

қозғалыс пен тыныштық қатынасы.





?!

Тағы қандай қарама-қарсы қатынастарды атай аласың?



Екі немесе одан да көп нысанның өлшемдері арасында айырмашылық неғұрлым көп болса, олар соғұрлым бір-біріне **қарама-қарсы** болып келеді, яғни олар бір-бірінің ерекшеліктерін айқындай түседі. Кішкентай зат үлкен заттың жанында өте кішірейіп, ал биік нәрсе аласаның қасында одан сайын биігірек, зұлым мейірімдінің жанында тіпті жауыз болып көрінеді.

## ҚАРАМА-ҚАРСЫ ТҮСТЕР



Түстер өзара қарама-қарсы қатынаста болады. Түс шеңберіндегі бір-біріне қарама-қарсы тұрған түстер **қосымша түстер** деп аталады. Олар қатар тұрғанда бір-бірін күшейте түседі. Мұндай түстер үйлесімі ерекше айқын болады. Оларды **қарама-қарсы** немесе контраст түстер дейді.



Сабырлы, бірқалыпты көңіл күйді түс шеңберінде қатар тұрған түстермен берген дұрыс. Олар **жақын түстер** деп аталады.





**Жарық пен қараңғыны, мейірімді адам мен зұлымды бейнелеу үшін ақ және қара түстерді пайдалануға болады. Олар қарама-қарсы болғандықтан, бір-бірін өзара айқындай түседі.**



Көне, қарама-қарсы түстердің қасиетін анықтап көрейікші. Қызғылт сары түсті қағаздан екі бірдей шеңбер қиып ал. Одан кейін өлшемдері бірдей шаршы қи. Оның бірі қызыл түсті, екіншісі көк түсті қағаздан болсын. Қызғылт сары дөңгелектерді шаршының бетіне қойып, мұқият қара.



Басқа түс жұптарымен де осылай жасай аласың.




Дөңгелектер қай фонда (негізтүсте) айқын көрінеді?  
Қорытынды жаса.



Қарама-қарсы түстердің үйлесімі жақын түстердің үйлесіміне қарағанда қанық көрінеді. Егер сен жақсы, көтеріңкі көңіл күйді бергің келсе, қарама-қарсы қатынастарды пайдалан.

## ҚАРАМА-ҚАРСЫ КОМПОЗИЦИЯ ҚҰРАСТЫРАМЫЗ

Геометриялық денелерден құрылған композицияларға қара. Біріншісінде сүйір қырлары жоқ жұмсақ денелер (сопақ және дөңгелек), екіншісінде қатты денелер (үшбұрыштар) бейнеленген. Пішіндер өлшемі жағынан шамамен бірдей.



Ал енді үшбұрыш, доғал мен дөңгелек аралас орналасқан үшінші композицияға назар аудар. Үш композицияның қайсысында қарама-қарсы қатынастар пайдаланылған? Олардың қайсысы әсерлі көрінеді? Жауабыңды түсіндір.



Композиция құрастыру үшін саған өлшемі 30×30 см ақ қағаз, түрлі түсті қағаз, сұр түсті қалың қағаз, қайшы, сызғыш, желім керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Түрлі түсті қағаздан дөңгелек, сопақ, үшбұрыштарды өлшемдерін әртүрлі етіп қиып ал.
2. Ерекше композиция шығу үшін оларды ақ қағаздың бетіне қой. Одан соң ұқыптап желімде.
3. Композицияны сұр түсті қағаздың бетіне жапсыр. Бұл – сенің жұмысыңның жақтауы.



Алуан түрлі пішіндер бір-бірінің ерекшелігін айқындай түседі. Қарашы, үшбұрыштардың жиегі сүйірленіп, ал дөңгелек пен сопақ пішіндер жұмсағырақ әрі нәзіктеу көрінеді.



*П. Сезанн.*  
Пьеро мен Арлекин



*М. Сарьян.*  
Лимонад сатушы



*А. Мұратбаев.*  
Қарбыздар мерекесі



*Р. Лихтенштейн.*  
Әлем қызметіндегі химия

?!

1. Мына туындылардан қандай қарама-қарсы қатынасты көріп тұрсың? Оларды ата.
2. Туындыларды қай түстер әсерлі етіп көрсеткен деп ойлайсың? Жауабыңды түсіндір.

## «ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН» БҮКТЕМЕЛІ КІТАБЫН ЖАСАЙМЫЗ

Өмірде қандай жағдайлар кездесетінін ойланып көр. Жақсы нәрселер туралы ойланғанда қандай сезімде боласың? Ал жаман нәрселер туралы ойланғанда ше?



Қастек Баянбайдың «Жақсы мен жаман» өлеңін оқы. Ақын не туралы жазады? Оның жазғанымен келісесің бе? Ол тақпаққа өзің не қоса аласың?

Алғашқы кітабыңды жаса. Оның парақтарына нені жақсы, нені жаман деп санайтыныңды бейнеле. Қарама-қарсы қатынастарды пайдалан.



Саған қайшы, ақ немесе түсті қағаз, сызғыш, фломастер, желім керек.



### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Өлшемі 10×80 см түсті қағазды қиып ал.
2. Оны ұзынынан 10 см-ден бөліктерге бөл. Сонда өлшемі 10×10 см 8 шаршы шығады.



3. Қағазды белгіленген сызықтар бойынша бүкте.



4. Ақ қағаздардың біріне «жақсы» деген мағынаны білдіретін суреттерді сал.




5. Басқа қағаздарға жаман деп санайтын нәрселерді бейнеле.



6. Бүктелген түрлі түсті қағаздарға «жақсы» және «жаман» суреттерді кезектестіріп желімде. Кітап парақтарын біртіндеп толтыруыңа болады.



7. Суреттердің астына пікіріңді жаза аласың.




## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ



1. Мейірімді және зұлым кейіпкерлері бар ертегілерді есіңе түсір.
2. Ондай ертегілер не нәрсеге үйретеді?
3. Бүктемелі кітапты қалай жасағаныңды айтып бер.
4. Кітабыңда не туралы айтқың келді?
5. Қандай әсерлегіш құралдарды пайдаландың?
6. Суреттерінде қарама-қарсылық заңын қолдандың ба? Ол сенің кітабыңды ерекше етіп көрсетті ме?

?!

1. Иллюстрация дегеніміз не?
2. Суретшіге қай әсерлегіш құралдар айшықты суреттер салуға көмектеседі?
3. Қарама-қарсылық заңы туралы білетініңді айтып бер.
4. Суретшілер неліктен қарама-қарсылық заңын қолданады?



**ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ  
(КОНТРАСТ)**



## УАҚЫТ



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- қандай пішіндер бар екенін



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;




- адамдар уақытты қалай анықтайтынын;



- қандай көлемді денелер болатынын;



- сызықтық перспектива дегеніміз не екенін



БІЛЕСІҢ;



- өз күнтізбеңді;



- жаңажылдық ойыншықтарды жасауды;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

ҮЙРЕНЕСІҢ.

КҮНТІЗБЕ  
КАЛЕНДАРЬ  
CALENDAR



## УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

«Уақыт» ұғымы әрбір адамның өмірінде кездеседі. Бәлкім, өзің де «уақыт жоқ», «бәрін істеп үлгеруім керек» деген сөздерді жиі естіген боларсың? Адам бәрін уақытында істеп, бәріне үлгеру үшін сағатты ойлап тапты.

Алғашқы сағаттарды үш жарым мың жыл бұрын ойлап тапқан. Олар күн сағаттары еді. Арнайы орнатылған нұсқағыштан түскен көлеңке уақытты көрсететін. Бірақ бұл сағаттардың бір кемшілігі болды: оларды бұлтты күндері және түнде пайдалануға болмайтын еді. Қалай ойлайсың, неліктен?



КҮНТІЗБЕ  
КАЛЕНДАРЬ  
CALENDAR



Кейінірек су және құм сағаттары пайда болды. Алайда олардың бәрі уақытты дұрыс көрсете алмады, себебі кемшіліктері көп еді.

Қазіргі сағаттар секунд, минут, уақытты көрсетеді. Адамдар ұзақ мерзім аралығын есептеу үшін күнтізбені ойлап тапты. Күнтізбелер бір жылға есептеліп, күн және ай бойынша есеп жүргізеді.



Сен сағатқа үйреніп алғаның сонша, оларды елемеуің де мүмкін. Сенің қалаңда (ауыл, елді мекен) сағаттардың кенеттен жоғалып кеткенін елестетіп көрші. Сонда не болар еді? Шағын әңгіме құра.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден сағат пен күнтізбенің тарихы туралы мәліметтерді тауып оқып, жақындарың және достарыңмен бөліс.



Өзің қазіргі кездегі қандай сағаттарды білесің? Айтып бер.

?!

1. Күнтізбе жоқ, адамдар оқи алмайтын заманда қандай да бір жыл мезгілінің келгенін өзіне тән белгілеріне қарап білетін болған. Оларды ата.
2. Төмендегі фотосуреттерде қандай жыл мезгілдері бейнеленгенін тап.
3. Жыл мезгілдерін қандай белгілеріне қарап білдің? Айтып бер.



?!

1. Жыл неден тұрады?
2. Бір жылда қанша күн, ай, мезгіл бар?
3. Апта күндері мен ай, мезгілдерді ата.

Қазір қабырғаға ілетін әсем безендірілген күнтізбелерді шығарады, онда әр ай әдемі фотосурет не суреттермен беріледі. Сен де күнтізбе жасай аласың. Онда әрбір ай мен ауа райына сәйкес табиғат көрінісі бейнеленген фотосуреттерді немесе жыл мезгілдеріне арналған өз суреттеріңді орналастыра аласың.

## СЫЗЫҚТЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Суретші жазық қағаз парағын қалайша кеңістікке айналдыратынын ойланып көрдің бе? Ол «сызықтық перспектива» деп аталатын құпияны біледі.

**Сызықтық перспектива** – алыстағы заттар кішірейіп, ал жақындағылары үлкен болып көрінетін бейнелеу тәсілі. Суретші табиғат көрінісін салғанда, сызықтық перспективаны қолданады.



?!

1. Нидерландық суретші Питер Брейгельдің (Үлкені) «Қар үстіндегі аңшылар» картинасына зейін қойып қара. Сеніңше көрерменге не жақын орналасқан, ал алысырақ орналасқан не? Оны қалай білдің?
2. Суретші неліктен алдыңғы жақтағы ағаштарды артқы жақтағы ағаштарға қарағанда үлкенірек етіп салған?
3. Бұл пейзажда қандай перспектива бар?

Перспективалық бейнелердің өз ережелері бар. Онымен танысу үшін тәжірибе жүргізіп көрейік.



### *Бірінші тәжірибе*

1. Үлкендігі бірдей екі алманы ал. Оларды өзіңнен алысырақ қой. Алмалардың көлемін салыстыр.



2. Алманың біреуін үстелдің шетіне қарай ысырып қой. Енді екі алманы салыстыр. Қай алма кішірек көрінеді? Қорытынды жаса.

### *Екінші тәжірибе*

Мектеп дәлізінің түпкі қабырғасына сүйеніп тұрып, еден мен жоғарыға қара. Жиек сызықтары қалай өзгерді? Қорытынды жаса.

Теміржол рельстеріне, тасжол немесе телеграф желісіндегі сымдарға қарап та осыны байқай аласың.

Егер сен дұрыс қорытынды шығарсаң, онда перспектива ережелері туралы мынадай ой түйеміз. Оларды есіңе сақта.

**1. Егер көлемі бірдей заттар әртүрлі қашықтықта орналасса, онда алыста орналасқан затқа қарағанда жақындағы зат үлкен болып көрінеді.**




**2. Сызықтар алыстаған сайын тарылып, көкжиекте бір нүктеде түйіседі.**



## ПЕРСПЕКТИВАЛЫ СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМІЗ


Енді перспектива ережелерін меңгергенімізді сурет салу арқылы тексереміз. Бірақ ол оңай емес. Бірнеше мысалға назар аударайық.

Оқушы алмұрттың екі жартысын бір-бірінен әртүрлі қашықтықта перспектива ережелерін ескере отырып бейнелеуді ұйғарды. Ол перспективалы суретті алғаш рет салып тұрғандықтан, бірнеше нұсқасын жасады.



Суреттерге зер салып қара. Жас суретші қандай қателіктер жіберді?

Алмұрттың екі жартысы бір-бірінен және көрерменнен әртүрлі қашықтықта жатқанын сезу үшін перспективаның бірінші ережесін қолданамыз: егер көлемі бірдей заттар әртүрлі қашықтықта орналасса, онда алыста орналасқан затқа қарағанда жақындағы зат үлкен болып көрінеді.




Екінші ережені қолдана отырып, суретімізді одан да әсерлі ете аламыз: екі параллель сызық алыстаған сайын тарылып, көкжиекте бір нүктеде түйіседі.

Үстелдің суретін саламыз. Оның өзімізге жақын жағын ендірек, ал алысырағын еңсіздеу етіп көрсетеміз. Үстелдің үстіне алмұрттың екі жартысын бейнелейміз. Олардың бірін үстелдің жиегіне жақындатып, екіншісін алысырақ саламыз.

Енді суреттерді салыстырып, олардың қайсысында кеңістік байқалатынын анықтаймыз.

Соңғысында кеңістік байқалатынына көзің жеткен болар? Сондай-ақ ережеге сүйеніп, қызықты өрі әсерлі сурет салуға болатынын білдің.



## ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІН БЕЙНЕЛЕЙМІЗ




Әрбір жыл мезгіліне белгілі бір түс үйлесімі сәйкес келеді. Жаз, күз, қыс пен көктемге тән түс үйлесімдерін ата.



Нені бейнелейтініңді ойлан. Ол ауыл не қала пейзажы немесе терезеден қарағандағы көрініс болуы мүмкін. Өзіңді қоршаған ортаны немесе қиялыңдағы бейнені салуыңа болады. Алдымен суретке сәйкес пішімді таңда. Сызықтық перспектива ережесін пайдаланып көр.

### БАЛАЛАР ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІН БЫЛАЙША БЕЙНЕЛЕЙДІ



Балалардың салған суреттеріне қарап, олар қандай материалдармен жұмыс істегенін анықта. Сабақта бір пейзаж салуыңа болады. Бос уақытыңда тағы бірнешеуін сала аласың. Бұл сенің күнтізбеңе дайындама болады.





Тек жыл он екі ай ғана емес, түрлі тәулік мезгілі, ауа райын да бейнелеуге болады. Өртүрлі ауа райы құбылысы мен тәулік мезгілдерін атап шық.



## Күнтізбені бірігіп жасаймыз




Бір топтың жұмысына: 12 дана түрлі түсті қағаз, 12 сурет, өрбір ай мен күндер жазылған 12 қағаз парағы, тескіш, таспа, желім, қайшы керек.

## ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. 12 адамнан тұратын топқа бөлініңдер. Күнтізбенің өлшемін анықтаңдар. Ол суреттердің және ай аттары жазылған парақтың өлшеміне байланысты. Бірдей өлшемді 12 қағаз парағын қиып алыңдар.

2. Қағаздың жоғары жағына белгілі бір жыл мезгіліне сәйкес келетін суреттерді орналастырыңдар.

3. Ал төменгі бөлігіне ай аттары мен апта күндері жазылған қағазды жапсырыңдар. Мұғалім сендерге ғаламтордан мәліметтерді тауып, шығарып береді.





## ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЕБЕРХАНА

Жаңа жыл – бәріне ұнайтын мереке. Оны көптеген елде, сонымен қатар біздің елімізде де атап өтеді. Өрбір үйге шырша қойылып, оны ойыншықтармен безендіреді, сыйлықтар сатып алады. Сен де жақындарың мен достарыңа жаңажылдық ойыншық түрінде сыйлық әзірлей аласың. Олар шыршада өте әдемі көрінеді.



Мына пішіндердің қалай аталатынын есіңе түсір.



Бұл – жазық пішіндер. Оларды салуға немесе қағаздан қиып алуға болатынын білесің.

Ал төмендегі пішіндер сыртынан қарағанда үшбұрышқа, дөңгелек пен төртбұрышқа ұқсайды, алайда бұлар көлемді. Сондықтан да көлемді денелер деп аталады.



Конус



Шар



Текше

Жоғарыдағы пішіндерге ұқсас жаңажылдық ойыншық жасағың келсе, оны мүсінде немесе қағаздан желімдеп жаса.

Қарашы, пішіндерден мынадай ерекше бұйымдар жасай аласың.



### Қағаздан жасалған шырша



Саған ақ және жасыл түсті қатты қағаз, жай қарындаш, қайшы, желім, жіп пен фольга керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Қағаз парағын екіге бүкте (ақ және жасыл). Бүктелген тұсына шыршаның жартысының суретін сал.



2. Оны қиып, аш. Сонда симметриялы бейне шығады.

3. Тағы бірдей 3 шыршаны қиып ал.



4. Екі шыршаны беттестіріп, желімде. Қалған екеуімен де солай жаса.

5. Оларды бір-біріне жапсыр. Ұқыпты бол.

6. Шыршаны моншақтармен әшекейле. Оны істеу қиын емес. Жіпке арақашықтығын бірдей етіп фольгаларды өткіз. Моншақ дайын.



Міне, сонда қардай аппақ немесе жасыл шырша жасайсың. Онымен бөлмеңді безендіріп, жақындарың мен достарыңа сыйлай аласың.



1. Сенің шыршаңның пішіні қандай?
2. Ол жазық па әлде көлемді ме?

## ШЫРШАҒА ІЛЕТІН ӘШЕКЕЙЛЕР

### Емен жаңғағынан жасалған шар



Саған көлемі шағын шар, емен жаңғағының қалпағы, желім, алтын не күміс түстес бояу, таспа керек.



### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Шарға емен жаңғағының қалпағын жапсыр да, оны әбден кептір.
2. Алтын не күміс түсті бояуды жақ. Таспадан ілмегін жасап, оны желімде. Шар дайын!

### Қатырма қағаздан жасалған шар



Саған түсті қатырма қағаз, қайшы, желім, таспа немесе жіп керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Екі түсті қағаздан 8 бірдей дөңгелек қиып ал (әрқайсысы төрт-төрттен). Оларды екіге бүкте.
2. Бір түсті дөңгелектің жартысын екінші түсті дөңгелектің жартысына желімдеп жапсыр.



3. Қалған дөңгелектерді де солай жаса. Соңғы жарты дөңгелектерді бірге желімде. Оған жіп не таспаны өткіз. Шыршаға ілетін әшекей дайын!

## Бүрлерден әшекей жасау

Қарашы, шырша немесе қарағай бүрінен тамаша ойыншықтар жасауға болады екен. Оларды алтын не күміс түстес бояулармен бояп, моншақтармен әшекейле. Таспа байла, сонда шыршаға іліп қоя аласың.



## Алуан түсті жүрекшелер



Саған түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, жіп немесе таспа керек.



## ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ



1. Түсті қағаздан ені 5 см, ұзындығы 10, 15, 20, 25, 30 см болатын 5 қағаз жолағын қиып ал.

2. Оларды екіге бүкте.

3. Қағаз ұштарын бір-біріне желімде.

4. Жүрекше жасау үшін қағаздың оң жағы мен сол жағын ішке қарай бүкте. Жігіне таспаны желімде. Міне, шыршаға тағы бір әшекей жасадың.





## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Уақытты қалай анықтайтынымызды айтып бер.
2. Қандай сағат түрлерін білесің?
3. Күнтізбедегі уақыт қалай есептеледі?
4. Жыл мезгілдерін қандай белгілеріне қарап анықтауға болады?



1. Сызықтық перспектива дегеніміз не?
2. Сызықтық перспективаның ережелерін айтып бер.
3. Күнтізбені қалай жасадыңдар?
4. Қандай жаңажылдық ойыншықтар жасадың?
5. Ол үшін қандай пішіндерді пайдаландың?
6. Ойыншықтарыңды кімге сыйлайсың?

СЫЗЫҚТЫҚ ПЕРСПЕКТИВА  
КӨЛЕМДІ ДЕНЕЛЕР  
КОНУС  
ШАР  
ТЕКШЕ

## СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- қағаздың қасиетін

ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;



- адамдардың алғаш тұрғызған құрылыстарын;
- сәулет өнері, сәулет кешені дегеніміз не екенін

БІЛЕСІҢ;



- әдемі ғимараттар жасауды;
- көлемді сәулет жобасын жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

ҮЙРЕНЕСІҢ;


- әйгілі сәулет құрылыстарын

КӨРЕСІҢ.



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ  
АРХИТЕКТУРА  
ARCHITECTURE





## АДАМДАРДЫҢ ЕЖЕЛГІ БАСПАНАСЫ

Ертедегі адамдар үңгірлерді паналаған. Кейінірек өздеріне баспана тұрғыза бастады. Олар баспанасының әдемілігіне аса көңіл бөлмеген. Ең бастысы, ол адамды сыртқы жаулар мен табиғат апаттарынан қорғауы керек еді. Баспаналары ұқсас болғандықтан, бір-бірінен ерекшеленбеген. Олар бұтақтардан, қамыстан, аң терісі мен сүйектерден, саз кірпіштен тұрғызылды.



1. Қалай ойлайсың, алғашқы адамдар баспана тұрғызатын материалдарды қалай таңдаған? Жауабыңды түсіндір.
2. Дала және орман тұрғындары баспаналарын қандай материалдардан тұрғызған?



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден ауа райы әртүрлі аймақтардағы алғашқы адамдардың баспаналары туралы мәліметтерді тауып оқы.



Егер сенің үйіңде «Лего» мен текшелер болса, екі үй тұрғыз. Бірін текшелерден, екіншісін «Легодан» жаса. Енді қолыңмен ақырын итер. Олардың қайсысы құлады? Құрылыстардың қандай болу керектігіне қорытынды жаса.



## КИІЗ ҮЙ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАСПАНАСЫ



Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы – киіз үй. Халқымыз киіз үйге деген құрметін бүгінгі күнге дейін жоғалтқан жоқ.


Киіз үйдің құрылысы қарапайым. Ол кереге, уық, шаңырақтан тұрады. Олар қайың, талдан жасалады. Алдымен ағаштарды өңдеуден өткізеді. Киіз үйді тіккен соң, оның керегесіне тоқылған ши ұсталады. Киіз үйдің сыртына киіз жабылады.

Қазақ халқы үшін киіз үй ыңғайлы баспана ғана емес, сондай-ақ ұлттық жәдігерлеріміздің бірі. Киіз үй құру дәстүрі тамырын тереңге жайған. Киіз үйдің есігін шығысқа қаратып құрады. Халқымыз киіз үйдің алғашқы қонағы Күн болуы тиіс деп сенген.

## ЕЖЕЛГІ БАСПАНА ТҮРІН ЖАСАЙМЫЗ



Бала кезде балалардың бәрі үндістерді ойнағанды жақсы көреді. Сен көшпелі үндістердің ежелгі баспаналары қандай болғанын білесің бе? Оны ұзын таяқтардан жасап, бизон немесе бұғының терісімен қаптаған. Егер сен үндістер ойынын ойнағың келсе, осы баспана түрін өз бетіңше жасай аласың. Алдымен кішірейтілген үлгісін жасап үйрен.




Саған ұзындығы бірдей бес жіңішке таяқша (20 см), жіңішке резеңке, ермексаз, түрлі түсті фломастерлер, өлшемі 25×25 см қалың мата қиындысы, қайшы, степлер немесе кішкене түйреуіштер керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Таяқшалардың жоғары жағынан 3–4 см өлшеп, резеңкемен буып қой. Оны конус пішіні шығатындай етіп орналастыр. Баспана құрылымы нық тұру үшін ішкі жағынан ермексаз жапсыр.

2. Матаны суретте көрсетілгендей етіп бүктеп, қиып ал.



Матаны пішу сызбасы



3. Әдемі өрнек ойлап тауып, онымен матаны өшекейле.

4. Құрылымды матамен орап, степлер немесе қысқышпен бекіт. Баспана үлгісі дайын!



Баспана жасау жолын түсінгеннен кейін, ата-анаңмен бірге үлкенірегін жасай аласың. Оны үйдің ауласына, саяжайға немесе бөлмеңе қоюыңа болады. Онда достарыңмен бірге уақытты көңілді өткізіп, қызықты кітаптар оқисың.



Бұл баспананың пішіні қандай? Киіз үйдің, күркенің және кәдімгі үйдің пішінін сипатта.

## СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Уақыт өте келе өмір сүру шарттары өзгерді. Сонымен бірге баспана құрылысы да басқаша сипат алды. Бай адамдар өзіне ыңғайлы да жайлы баспанасын місе тұтпай, сәулетті сарайларда тұрғысы келді. Тұрғын үйлерден бөлек әртүрлі қоғамдық ғимараттар да пайда болды. Мешіттер мен ғибадатханалар, стадиондар, театрлар, кітапханалар салынды. Мұндай күрделі құрылыстарды тұрғызу үшін асқан шеберлік пен терең білім қажет болды.

Түрлі ғимараттардың жобасын жасайтын адамды **сәулетші**, ал олардың туындыларын **архитектура** немесе **сәулет өнері** деп атады (архитектура гректің «*архитектон*» – құрылысшы деген сөзінен шыққан).

**Сәулет өнері** деп ғимараттар тұрғызуды айтамыз.



Ерте кездегі ең әйгілі құрылыстардың бірі – Парфенон. Ол – біздің заманымызға дейін Афиныда тұрғызылған грек храмы. Ғимарат өзінің алыптығына қарамастан, көркемдігімен көз тартады. Мұның себебі шеберлердің сәулет өнері құпияларын білуінде. Мысалы, храм бағандары тіп-тік емес, шеткілері ортасына қарай еңкіштеу орналасқан. Бүйір бағандары ішкілеріне қарағанда жуандау. Бағандардың арақашықтығы бірдей болып көрінгенмен, шын мәнінде олай емес, ортасына жақындағанда арақашықтық кішірейеді. Бағандардың төменгі жағы жуан, ал жоғарысы жіңішке. Содан құрылым тұтастай көкке өрлеп бара жатқандай көрінеді. Храм бірнеше рет қирап, бүлінді. Қазіргі қалпы мынадай.

?!

Қалай ойлайсың, адам игілігі үшін тұрғызылған ғимараттар қандай болу керек?

Қалалар өскен сайын сәулет өнері де өркендей түсті. Бірте-бірте қаланың келбеті те өзгерді. Қарапайым үйлер мен зәулім сарайлардың орнына көпқабатты ғимараттар пайда болды. Мына суретте АҚШ-тың Даллас қаласындағы аспанмен таласқан үйлер бейнеленген.



Алғашқы көпқабатты үйлер Римде тұрғызылған. Олар төрт-бес қабаттан аспаған. Ал биік үйлер 19 ғасырдың аяғында АҚШ-та салынды. Қазіргі кезде биіктігі жүз метрден асатын ғимараттар көп. Алайда ең биік ғимарат Дубайда орналасқан. Ол – биіктігі 828 метр болатын Бурж-Халифа мұнарасы.

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ  
АРХИТЕКТУРА  
ARCHITECTURE

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Орталық Азияның сәулет өнері бүкіл әлемге әйгілі. Самарқан, Бұхара, Хиуаның ежелгі кешендері сәулет өнерінің жауһары деп саналады.

Салтанатты ғимараттардың қабырғалары ішінен де, сыртынан да түрлі түсті мозаикалармен көмкерілген. Өрнектермен безендірілген зор күмбездері төңкерілген көгілдір аспан тәрізді.

Ертедегі шеберлер қолданған бояулардың түсі көп уақыт өткеніне қарамастан өңін бермеген. Бұл құпияның сыры жұмбақ күйінде ашылмай келеді.



Мир-Араб медресесі. Бұхара



Шахи Зинда кесенесі. Самарқан



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.  
Түркістан

Қазақстанның көне қалаларының бірі Түркістанда орын тепкен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – қазақ халқының мақтанышы.

Кесене 10 жыл уақыттың ішінде тұрғызылған. Бүгінде кесенеде әртүрлі қызмет түрлеріне арналған 30 зал мен бөлме бар.

Сәулет кешені идеясы мен сән-салтанаты ұштасқан бірнеше ғимараттан тұрады.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы мәліметтерді тауып оқы. Ол қашан тұрғызылған? Кімнің бұйрығымен және кімнің құрметіне салынған?

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Алматы ұзақ уақыт еліміздің бас қаласы болды. Оның сәулет құрылысы басқа қалаларға қарағанда қарқынды дамыды. Әсем қала Алматы да өзінің заманға сай ғимараттарымен мақтана алады. Алматыдағы піскен бидай масағына ұқсайтын «Қазақстан» қонақүйі – қалаға көрік берген құрылыстардың бірі.



1998 жылы Қазақстанның елордасы Астанаға көшірілді. Тәуелсіздік алаңында орналасқан «Бәйтерек» – қазақ халқының қайта өрлеуінің, мемлекеттіліктің белгісі іспетті.

«Ханшатыр» ойын-сауық орталығы шатыр түрінде салынған. Ол дүниежүзіндегі ең үздік он экокғимараттың қатарына кіреді.



Астанада жыл сайын тек еліміздің сәулетшілері ғана емес, сондай-ақ Жапонияның, Ұлыбританияның, Италияның әйгілі сәулетшілері жобасын жасаған жаңа ғимараттар бой көтереді.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден экокғимараттар туралы мәліметтерді тауып, достарыңмен бөліс.

## ҒИМАРАТ ҮЛГІЛЕРІН ОЙЛАП ТАУЫП, СУРЕТІН САЛЫП ҮЙРЕНЕМІЗ

Үйдің суретін салудан оңай нәрсе жоқ сияқты. Төртбұрыш, төбесінде шатыр, терезелер – үй дайын. Алайда мұндай үйді өнер туындысы деп атауға бола ма? Мұндай үй қаланың сәнін кіргізе ме? Әрине, жоқ! Тіпті оны бояп, барынша құлпыртсаң да өзгере қоймайды.



Үйді өнер туындысына айналдыруға бола ма? Кәне, мына ғимараттардың кейбір ерекшеліктеріне назар аударайықшы. Ғимараттарға мұнаралар, түрлі пішінді қашап жасалған балкондар, баған, баспалдақ, әсем шатырлар сән береді. Бұл саған үйдің айрықша үлгісін ойлап табуға көмектеседі.



Әйгілі австриялық сәулетші Ф. Хундертвассер пішіні мен түсі ерекше ғимараттар салған. Өзін сиқыршы деп санағанын қалаған ол әлемнің түрлі қалаларында ертегі құрылыстарын тұрғызған.





Ұлы сәулетші Антони Гауди өзінің сәулет өнері жауһарларын Испанияда өмірге әкелді. Ол атақты Балью сарайын жұпыны ғана үйден жасаған. Енді Барселона қаласына әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшылар ағылып, теңдессіз шебердің ғимараттарын тамашалауға келеді.



Сен де қарапайым үйді өнер туындысына айналдырып көр. Үйге мұқият қарап шығып, оны өзгертуге кіріс. Одан соң үйінді біртіндеп өшекейлейсің.






Үйді түрлендіру үшін пішіні ерекше шатыр, мұнара, балкон және тереземен толықтыруға болады. Үйді әдемі түстермен боя. Сонда ол адам танымастай өзгеріп, сенің еңбекқорлығың мен қиялыңның, батылдығыңның арқасында тамаша сарайға, ғажайып үйге айналады.



1. Сен тұратын қалада ғимараттар көп пе? Оларды ата.
2. Одан да көбірек болғанын қалайсың ба?
3. Сәулетші болғың келе ме? Толық жауап бер.

## БАЛАЛАР САЛҒАН СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Сен әдемі ғимараттарды сала аласың. Енді қаланы бейнеле. Ежелгі қаланы немесе болашақтың қаласын не өзің тұратын қаланы сал. Тіпті өзің армандайтын қаланы да қағаз бетіне түсіруіңе болады. Мүмкін ертегі қаласын саларсың?! Қарашы, балалар алуан түрлі қалаларды осылай бейнелеген.



Қаланы бояулармен, фломастер не түсті қарындаштармен салып, аппликация жасауыңа болады. Ермексаздан да қала тұрғыза аласың. Жай қарындашпен де сурет салып көр. Оның әдемілігі басқалардан кем болмайды! Қаланың көлемді үлгісін жасау да қызықты жұмыс.

## СӘУЛЕТ ЖОБАСЫН ҰЖЫМ БОЛЫП ЖАСАЙМЫЗ



Қандай көлемді пішіндерді білесің? Оларды ата. Қағаздың қасиеттерін есіңе түсір.



Саған қайшы, жұқа қатырма қағаз немесе түсті қатты қағаз, желім, фломастерлер керек. Сондай-ақ сусынның, сүттің қорабы қажет.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Түсті қағаздан тік төртбұрыш қиып ал. Оның өлшемі 15–20 см болғаны дұрыс. Тік төртбұрыштың ұзындығын анықтау үшін 20 см-ден артық, 5-ке бөлінетін санды таңдаймыз. Жиегін желімдеуге 1 см артық аламыз.



2. Қағазды сызықтары бойынша бүкте де, желімде. Сонда мынадай пішін шығады.



3. Үйді жасау үшін қызықты бөліктер ойлап тап. Олар: терезе, есік, кіреберіс, шатыр. Оларды түсті қағазға салып, қиып ал да, негізгі пішінге желімдеп жапсыр. Сонда әдемі үй жасайсың.

Үйді сусын мен сүттен босаған қораптардан жасап, гуашьпен бояуыңа болады.



Терезе, есік,  
баспалдақ пішіні



Шатырдың  
негізі



Шатырдың  
әшекейі



Дайын үй

Басқа да қызықты бөліктерді ойлап табуыңа болады. Мына үйлердің бөліктеріне қарап, олардың қалай жасалғанын ойлан.



### СӘУЛЕТ КЕШЕНІНЕ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖИНАЙМЫЗ

Үйлердің бәрі дайын болғанда 6–8 адамнан топқа бөлініңдер. Ғимараттарды қалай біріктіруге болатынын талқылаңдар. Өлшемі мен түсі сәйкес келетін қатырма қағаз таңдаңдар. Оның үстіне үйлерді орналастырыңдар. Одан да әдемі болу үшін тағы не қосуға болатынын ойланыңдар.





## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Адамдардың ежелгі баспанасы туралы білетініңді айтып бер.
2. Сәулет өнері дегеніміз не?
3. Орталық Азияның сәулет өнері туралы не білесің?
4. Еліміздегі қандай қызықты құрылыстарды білесің?
5. Қалалар мен әртүрлі үйлер суреттелетін ертегі, әңгімелерді есіңе түсір.



1. Өзің жасаған сәулет өнері жобасы туралы айтып бер.
2. Оның идеясы қандай?
3. Оны қандай материалдардан жасадың?
4. Бұл жоба не нәрсеге арналған?



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ  
СӘУЛЕТ ӨНЕРІ КЕШЕНІ

## ӨНЕР



### СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- портрет, пейзаж, натюрморт дегеніміз не екенін



### ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;



- өнер түрлерін;
- бейнелеу өнерінің түрлерін;
- бейнелеу өнерінің жанрларын



### БІЛЕСІҢ;



- бейнелеу өнері жанрлары мен түрлерін ажыратуды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



ӨНЕР  
ИСКУССТВО  
ART

### ҮЙРЕНЕСІҢ.



## ӨНЕР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

«Өнер» сөзінің көптеген мәні бар. Олардың бірі – адамның шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесі. Суретші сурет салады, графика мен мүсіндер жасап, тұрмысымызды сәндейді. Композитор музыка, ақын-жазушылар ертегі, әңгіме, өлең жазады. Мұның бәрі – өнер туындылары. Өнер бірнеше түрге бөлінеді:

СӨЗ ӨНЕРІ

МУЗЫКА

БИ

ТЕАТР

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ



1. Әрбір өнер түрінің өз ерекшеліктері бар. Музыка өнері туралы білетіңді есіңе түсір.
2. Сөз өнері туралы не айтасың? Қандай әдеби шығармаларды білесің?

Кез келген өнер түр мен жанрларға бөлінеді. Олармен жоғары сыныптарда толығырақ танысасың.





Мына фотосуреттерде қандай өнер түрлері бейнеленген?  
Өзіңе таныс өнер түрлерін ата.



Саған қай өнер түрі көбірек ұнайды? Жауабыңды түсіндір.  
Өзің жақсы көретін өнер түрі туралы шағын әңгіме жаз.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Бейнелеу өнерінің бірнеше түрі бар. Оның негізгі түрлері: кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер. Туындының бейнелеу өнерінің қай түріне жататындығын білу үшін, ондағы басты әсерлегіш құрал не екендігін анықтап алу қажет.

### КЕСКІНДЕМЕ

**Кескіндеме** – бейнелеу өнерінің түрі. Мұндағы басты әсерлегіш құрал – **түс**. Кескіндеме туындыларындағы түс көп нәрседен, атап айтқанда, көңіл күй, жыл мезгілі, ауа райы туралы сыр шертеді. Түс арқылы адамның мінезі мен музыканың көңіл күйін беруге болады. Кескіндемеші-суретші майлы, акварель, гуашь және т.б. бояулармен жұмыс істейді.



*А. Дүзелханов.*  
«Қыз Жібек» сериясынан



*Д. Әлжанов.*  
Жаңаарқа тынысы



*А. Ғалымбаева.*  
Егіздер



1. Акварель және гуашь бояулары туралы не білесің? Айтып бер.
2. Өзің салған суреттердің қайсысын кескіндеме деп айта аласың? Жауабыңды түсіндір.
3. Кескіндеме жұмыстарын қандай материалдармен орындағанды ұнатасың?



## ГРАФИКА

Егер шығармадағы басты әсерлегіш құрал **сызық, штрих және дақ** болса, онда бұл – **графика**. Графикалық туындылар қарындаш, тушь, қаламұш, фломастер және басқа да графикалық құралдармен бейнеленуі мүмкін.

Графика туындылары тек ақ-қара болып қана қоймай, түрлі түсті де болады. Тіпті «түсті графика» деген түсінік те бар. Түсті графиканы сен балаларға арналған кітаптарды ашып, ішіндегі суреттерді тамашалаған кезде көресің.



*Е. Сидоркин.*  
Батырдың дүниеге келуі



*Ю. Васнецов.*  
Ертегілерге иллюстрация



*О. Таңсықбаев.*  
Қала сыртындағы пейзаж

?!

1. Өзіңді кім деп атар едің? Кескіндемеші ме әлде график пе? Жауабыңды түсіндір.
2. Графикалық туындылар жасаудың қандай жолдарын білесің?
3. Қандай графикалық жұмыстар жасап үлгердің?



## МҮСІН



Абылай хан  
ескерткіші



**Мүсін** – бейнелеу өнерінің ерекше түрі. Оның басты әсерлегіш құралдары – **пішін** мен **көлем**. Мүсінді кескіндеме және графикадан ерекшелетін нәрсе – оны жан-жағынан қарауға болады. Сондықтан мүсінді бейнелеу өнерінің үшөлшемді түрі деп атайды.

Мүсін туындыларын тек мұражайлардан ғана емес, сонымен қатар қала көшелерін аралаған кезде де көре аласың. Олар шағын бақтар мен саябақтарға, алаңдарға сән береді. Белгілі бір адамға не оқиғаға арналған мүсін **ескерткіш** деп аталады. Мысалы, Алматы вокзалының алдында Абылай ханға арналған ескерткіш бар. Ал орталық бақтардың бірінде Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметоваға арналған ескерткіш тұр.

Құрманғазының  
ескерткіші



Әлия Молдағұлова мен  
Мәншүк Мәметованың  
ескерткіші

?!

Сен тұратын жерде ескерткіштер бар ма? Оларды суреттеп бер.

Мүсін туындылары алуан түрлі материалдан: металдан, балшықтан, тастан, ағаштан, пластикадан жасалады. Мүсіндер ірі және шағын болып келеді. Шағын мүсіндер сенің бөлмеңді безендіре алады. Мұндай шығармаларды **шағын пластика** деп атайды.

Сен жануарлардың мүсінін жасағанда шағын пластикамен таныстың. Сонда оларды немен жасап едің?



## СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Бағзы заманнан бері адамдар өз тұрмысына қажетті заттарды жасайды. Олар желден, аптап ыстық пен қатты суықтан қорғану үшін теріні илеп, оны суреттермен, өрнектермен сәндеген. Сондай-ақ қару-жарақтары мен еңбек құралдарын да әшекейлеген. Кейінірек адамдар кілем тоқып, киім тігіп үйренді.

Тұрмыстық заттарды әшекейлеу арқылы сәндік-қолданбалы өнер пайда болды. Онда түс, көлем, сызық, пішін және т.б. әсерлегіш құралдар қолданылады. Бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде сәндік-қолданбалы өнердің әлем мәдениетінде алатын өзіндік орны бар.

Халқымыздың бейнелеу өнерінің қалыптасуында қолөнер түрлерінің маңызы зор. Қолөнер бұйымдары алуан түрлі ою-өрнектерімен, құлпырған айшықты бояу түстерімен белгілі.

Шебердің ісмер қолдары дорба мен ыдыстарды, қару-жарақтар мен аспаптарды тартымды етіп әшекейлеген.



Сен екінші сыныпта қолөнер бұйымдарын жасайсың. Қалай жасағаныңды есіңе түсір.



## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЖАНРЛАРЫ

Шығарманың жанрын анықтау үшін «Суретші өз шығармасында нені бейнеледі?» деген сұраққа жауап беру керек. Сен бейнелеу өнерінің кейбір жанрларымен таныссың. Кәне, еске түсіріп көрейікші.



*Т. Ысқақов.*  
Шарын алқабы

### ПЕЙЗАЖ

Егер картинада табиғат бейнеленсе, бейнелеу өнерінің бұл жанры **пейзаж** деп аталады.


Пейзаж графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін түрінде де бола алады.



Мына пейзаждар бейнелеу өнерінің қай түріне жатады? Жауабыңды түсіндір.

*К. Хокусай.* Дүлей толқын

*К. Моне.*  
Көкнөр  
алқабындағы  
жол



*Д. Хокни.*  
Николс  
шатқалы

## ПОРТРЕТ

Егер суретте бір немесе бірнеше адам бейнеленсе, ол жанр **портрет** деп аталады.



Әлемдегі ең танымал портрет 16 ғасырда италяндық суретші Леонардо да Винчи салған «Джоконда» болар.

Шебердің «Джоконда» картинасы Париждегі атақты Лувр мұражайында тұр. Өнерді бағалайтын миллиондаған адам жыл сайын бұл жерге дүниежүзілік жауһарларды тамашалауға келеді.



Портреттер мүсін, графика және кескіндеме түрінде болады.



Керей ханның ескерткіші.  
Тараз қаласы



П. Пикассо. Әйелдің портреті




Пинтуриккьо.  
Баланың портреті

?!

1. Портрет тағы қандай болады?
2. Бірінші және екінші сыныптарда портрет туралы не білдің?  
Есіңе түсір.

## НАТЮРМОРТ

Егер суретте жеміс-жидек, көгөніс, ваза және т.б. қозғалмайтын заттар бейнеленсе, онда бұл жанр **натюрморт** деп аталады.



*П. Сезанн. Алма мен алмұрт бейнеленген натюрморт*



*Д. Митрохин. Натюрморт*



*Ш. Ноғайбаев. Алмұрттар*

Натюрморттар кескіндеме, графика және сәндік-қолданбалы өнер түрінде болады. Кейде суретшіні елеусіз заттың өзі қызықтыруы мүмкін. Суретшілер натюрморт салғанда белгілі бір тақырыпты таңдайды. Мысалы, тағам, гүл, ыдыс, құрал-жабдықтар, тұрмысқа қажетті заттар натюрморты және т.б.



1. Үйдегі заттарға мұқият зер салып қара.
2. Қандай нәрселерден натюрморт құрастырар едің? Жауабыңды түсіндір.



Мына көңілді тақпақтар жанр атауларын есте сақтауыңа көмектеседі.

Картинадан көрсең сен  
Қарағайлы тау шыңын,  
Немесе бұлақ – тау суын,  
Немесе жасыл бақшаны,  
Нұрланып тұрған аспаны  
Немесе көлдің жағасын,  
Немесе егіс даласын –  
Салынған мұндай суретті  
**ПЕЙЗАЖ** ғой деп қарарсың.



Картинадан көрсең сен  
Әжеңнің ожау-тостағын,  
Атаңның қара торсығын,  
Немесе алмұрт, алманы,  
Қасында тұрған – шабдалы,  
Әдемі гүлді табарсың,  
Қызығып жақын барарсың –  
Салынған мұндай суретті  
**НАТЮРМОРТ** деп қарарсың.



Картинадан көрсең сен  
Егер ақын Абайды,  
Немесе ұстаз Ыбырайды,  
Немесе өз әкеңді,  
Немесе өз анаңды,  
Суретін жақын досыңның,  
Өзі екен деп қаларсың.  
Салынған мұндай суретті  
**ПОРТРЕТ** деп қарарсың.




Бейнелеу өнерінің басқа жанрлары да бар. Олар: анималистік, тұрмыстық, тарихи және т.б. Олар туралы жоғары сыныптарда нақтырақ білетін боларсың.

## ТҮС ЖӘНЕ СИМВОЛ

Сен сан алуан түстерді бірнеше рет байқадың. Табиғаттағы белгілі заттар өздеріне ғана тән түске ие. Сен түспен түрлі сезімді, көңіл кұйді және көптеген құбылыстарды көрсетуге болатынын білесің. Түс символ да бола алады.

**Символ** – кез келген бір түсінікті, құбылысты білдіретін шартты белгі. Оны кейде қазақ тілінде нышан немесе рәміз деп атаймыз. Өрбір халықтың, адамдар тобының өз символдары болады. Бейнелеу өнерінде де, өмірде де түстер символ ретінде жиі қолданылады. Қызыл, қара, ақ түстер символ ретінде жиірек кездеседі.



Қызыл түс махаббаттың, сұлулықтың, қуаныштың, байлықтың, жеңістің, жастықтың белгісі ғана емес, сондай-ақ соғыс пен қанды да білдіреді. Көп елдерде қара түс үрей мен түнді, жұмбақ белгісіздікті меңзейді.

Ақ түс жарықты, өмірді, тазалықты, бейбітшілікті паш етеді. Айбынды жауынгерді ақ боз аттың үстінде бейнелейді. Ақ көгершін – бейбітшіліктің символы.

Қазақтың қолөнерінде көгілдір түс – аспанның символы. Жасыл түс – өсімдіктердің, өмірдің белгісі. Ақ түс – адалдықтың, құдіретті аспан күштерінің символы. Қызыл түс отты, өмірді, сұлулықты, ал сары түс кең даланы, даналықты білдіреді. Қазақ халық шығармашылығында қара түс күш-қуаттың (қара күш), жердің (қара жер), молшылықтың (қара орман) белгісі. Бұл түстер қазақтың ұлттық кілемдерінде жиі кездеседі.



П. Пикассо. Көгершін

## БЕЛГІ СИМВОЛДАРЫ

Кейде суретшіге өз ойын белгі-нышанмен білдіру қызығырақ көрінуі мүмкін. Сен қандай да бір түсінік пен құбылысты білдіретін шартты белгі символ деп аталатынын білесің.

Адамдар ерте кезден бастап көптеген символ ойлап тапқан. Олардың мәнінің ортақтығы соншалықты, тіпті әр тілде сөйлейтін адамдар тез-ақ түсінеді.

Мысалы, ағаш тіршілік пен өмірді білдіреді. Ол түркі халықтарында ата-баба шежіресінің символы болып есептеледі. Құс – аспанның, балық – судың, жүрек – сезімнің белгісі. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің бәрінің терең мағынасы бар.



1. Қазақ ою-өрнектерінің атауын есіңе түсір. Олар неге ұқсайды?
2. Қалай ойлайсың, олар нені білдіруі мүмкін?

Әдетте символдық суреттің жеке ерекшеліктері болмайды. Ежелгі адамдардың жартастарға салған суреттерінің барлығы символдық бейнелерден тұрады. Бұл суреттерден қандай адамдар мен жануарлар бейнеленгенін аңғару қиын, алайда біз суретшінің аң аулау көрінісін салғанын түсінеміз.



1. Еліміздің Елтаңбасы мен Туы туралы айтып бер.
2. Онда қандай символдар бар және олар нені білдіреді?

## ӨНЕР ТҮРЛЕРІН БІЛДІРЕТІН БЕЛГІЛЕР ЖАСАЙМЫЗ

Өнер түрлерін білдіретін белгі ойлап табу үшін, негізгі өнер түрлерінің ерекшеліктерін білуің тиіс.



Ежелгі гректер әр алуан өнер түрлеріне табынған. Көне аңыз бойынша гректің Олимп тауында музалар – өнерді қолдап-қорғаушы құдіретті күш иелері жиналған.

Олардың саны тоғыз, әрқайсысы белгілі бір өнер түрі мен ғылымды қолдап, жебеп жүрді. Олардың өз ғибадатханалары болды. Олар мусейондар деп аталды, осыдан «музей», яғни «мұражай» термині пайда болған.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден өнерді қолдап-қорғаушы күш иелері туралы мәліметтерді тауып, достарың және жақындарыңмен бөліс.

Символ түрлі түсті немесе ақ-қара болуы мүмкін. Алайда ең басты нәрсені нақты білдіруі керек. Сен ол үшін театрда, биде, музыкада, бейнелеу өнерінде ең басты нәрсе не екенін анықтап алуың қажет.



Адамдар театрда өздерін емес, белгілі бір кейіпкерлерді бейнелейді. Актёрлер басқа біреудің маскасын киеді. Ежелгі театрларда дәл солай болды, актёрлер беттеріне маска киетін. Сондықтан олардың маскасына қарап, актёр зұлым не мейірімді адамды бейнелеп жатқанын білуге болатын. Содан бері театр өнерін екі маскамен белгілейді.



Балалар жасаған белгілерге қарап, сен де музыка, би, театр, бейнелеу және т.б. өзің білетін өнер түрлеріне белгілер ойлап тап. Бұл өнер түрлері туралы мәліметтерді өз бетіңше ізденіп тауып, түс символдары мен белгілері туралы білетініңді пайдалан. Белгілерді жасайтын тәсіл түрін таңда.



?!

1. Мына белгілер қандай өнер түрлеріне жататынын тап.
2. Оны қалай білдің?



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Өнер түрлері туралы білетініңді айтып бер.
2. Бейнелеу өнері түрлерін қалай анықтаймыз?
3. Бейнелеу өнері түрлерін ата.
4. Бейнелеу өнері жанрларын қалай анықтауға болады?
5. Бейнелеу өнері жанрларын ата.



1. Өзің қандай өнер символдарын жасағаныңды айтып бер.



2. Қандай білім мен тәжірибенді қолдандың?

3. Қандай материалдар мен тәсілдерді пайдаландың?

4. Символдарыңның айтпақ ойы не?



ӨНЕР ТҮРЛЕРІ  
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ  
МЕН ЖАНРЛАРЫ  
СИМВОЛ (НЫШАН, РӘМІЗ)

## АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР



СЕН БҰЛ БӨЛІМНЕН:

- портрет өнерін;
- оның қалай жасалатынын



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;



- суретшілер атақты тұлғалардың портреттерін қалай салғанын;
- портрет түрлерін



БІЛЕСІҢ;



- портрет түрлерін ажыратуды;
- портретке жақтау жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



МОДЕЛЬ  
МОДЕЛЬ  
MODEL

ҮЙРЕНЕСІҢ.



## АТАҚТЫ ӨНЕР ТҰЛҒАЛАРЫ

Атақты тұлғалар – қоғамдық-саяси өмірде, ғылымда, өнерде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген адамдар. Олар белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу арқылы адамзат тарихында белді орынға ие болған. Фотосурет өнерінің пайда болғанына көп болған жоқ. Сондықтан біз суретшілердің қылқаламы арқылы ұлы адамдардың қандай болғанын елестете аламыз.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден фотосурет өнерінің қашан пайда болғаны туралы мәліметтерді тауып оқы.



*Леонардо да Винчи.*  
Автопортрет

Леонардо да Винчи (1452–1519) – итальяндық ұлы суретші. Ол тек суретші ғана емес, сондай-ақ ғалым, инженер-өнертапқыш, жазушы, музыкант ретінде де тарихта қалды. Леонардоның ерекше қабілеті бала кезінен байқалды. Ол 14 жасында ұстазы А. Верроккьоның көмекшісі болған еді. Оның туындылары санаулы ғана, алайда олардың бәрі жауһар туындылар.



*В. Крафт.*  
Моцарттың портреті

Вольфганг Амадей Моцарт – аса талантты австриялық композитор. Ол небәрі төрт жасында клавесінде ойнап, 5-6 жасында алғашқы туындысын жазған. Оның туындыларының көпшілігі симфониялық, концерттік, камералық, опералық және хор музыкасының биік шыңы саналады.



Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны. Абай өлеңдерін талай ұрпақ көкірегіне тоқып, шығармашылығымен сусындап өсті.




Ә. Қастеев. Абай жайлауда

?! Абайдың қандай өлеңдерін білесің?

Абай Құнанбайұлы Пушкиннің және тағы басқа орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Екі ақынның да шығармалары біздің елімізде және Ресейде жоғары бағаланады.

2006 жыл Ресейде Абай жылы, Қазақстанда Пушкин жылы болып атап өтілді. Екі мемлекеттің астаналарында ақындарға ескерткіш орнатылған.



М. Әйнеков. Мәскеудегі Абай Құнанбайұлы ескерткіші



Н. Ковальчук. Астанадағы А.С. Пушкиннің ескерткіші



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден саясат, ғылым, өнер саласындағы атақты тұлғалар туралы мәліметтерді тауып оқы. Олардың жетістіктері туралы айтып бер.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

Халқымыз көптеген тұлғаларын мақтан тұтады. Олардың ішінде мәдениет қайраткерлері ерекше орын алады. Әбілхан Қастеев – халқымыздың тұңғыш кәсіби суретшісі, Қазақстан бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Оның әртүрлі жанрдағы екі мыңға жуық туындысы бар. Ол қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлихановтың мына бейнесін жасаған.



Ә. Қастеев. Шоқан Уәлихановтың портреті



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден Ш. Уәлиханов туралы мәліметтерді тауып, сыныптастарыңмен бөліс.

Әбілхан Қастеев жас Абайды да бейнелеген.



1. Портреттерге мұқият қара. Суретшілер бұл тұлғалардың қандай басты ерекшеліктерін көрсеткісі келген?
2. Олар қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланған?



Күләш Байсейітованы «қазақтың бұлбұлы» деп атаған. Ол «КСРО халық әртісі» атағының ең жас иегері атанған.

Қазақтың дарынды суретшісі Гүлфайрус Ысмайылова әншінің Қыз Жібек рөліндегі тамаша портретін салған.



Фуат Мансуров – белгілі қазақ дирижёрі. Суретші Камиль Муллашев дирижёрдің портретін бейнелеп, үлкен шебердің талантына бас иетінін көрсеткен.



?!

1. Еліміздің басқа да атақты қайраткерлерін есіңе түсір. Олар қандай сала бойынша жетістіктерге жеткен? Әңгімелеп бер.

## ПОРТРЕТ ТҮРЛЕРІ

### Салтанатты портрет



Ж. Клуэ. Король  
I Францисконың  
портреті

Ертеде суретшіге портретін салдыруға атақты әрі бай адамдардың ғана шамасы келген. Олар өздерін әдемі киіммен көрсетуге құмар болған. Портреттің бұл түрі **салтанатты портрет** деп аталған. Адамдар мұндай портреттерде төкаппарланып, өзінің қоғамдағы орнын көрсеткісі келгендей бейнеленген.

**Модель** – суретші бейнелейтін адам.

МОДЕЛЬ  
МОДЕЛЬ  
MODEL



Мына портретке қара. Оны салтанатты портрет деп атауға бола ма? Жауабыңды түсіндір.

### Камералық портрет

Портреттердің көпшілігінде адамдардың кейбір сәттері ғана бейнеленеді.

Адамдар өздерін суретші бейнелеп жатқанын білмейтін де сияқты. Олардың назары мүлде басқа жақта. Киімдері мен дене қозғалысы да қарапайым, табиғи қалыпта.

Бұл портреттердің көлемі де шағын. Мұндай портреттерді **камералық** деп атаған («камера» – латын сөзі, «бөлме» деген мағынаны білдіреді).



С. Айтбаев.  
Қыздың портреті



1. С. Айтбаевтың портретін суреттеп бер.
2. Егер сен танымал суретшіге өз портретіңді салуға тапсырыс берсең, өзіңді қалай салғанын қалар едің? Салтанатты түрде ме, камералық түрде ме? Жауабыңды түсіндір.

## Топтық портрет

Портреттерде көбінесе бір ғана адам емес, екі немесе бірнеше адам бейнеленеді. Егер портретте екі адам бейнеленсе, ол **жұптық** портрет деп аталады. Егер екі адамнан көп болса, **топтық** деп аталады.



Бұл портреттің тарихы өте қызық. Жиырманшы ғасырдың басында әлі танылып үлгермеген екі жас ғалым әйгілі суретшіге келіп, портреттерін салуды өтінген. Олар суретшінің тек атақты адамдарды ғана салатынын білгендіктен, әзірше танымал емес екендерін, алайда міндетті түрде танымалдыққа қол жеткізетіндерін айтады. Суретші сәл ғана жымиып, олардың портретін салады. Жас жігіттердің ақшасы болмағандықтан, суретшіге бір қап бидай мен әтеш беріп құтылыпты. Ең қызығы, олар сөздерінде тұрып, әлемге әйгілі ғалым болды.



*Б. Кустодиев.*  
П. Капица мен Н. Семеновтың портреті



Саған атақты адамдардың бірі келіп (нақты бір тұлғаны таңда), портретін салып беруді сұрады делік. Осы тақырыпқа шағын әңгіме құра. Оны қалай бейнелер едің, қандай портрет түрін таңдайсың? Бірінші кезекте қандай мінез ерекшеліктерін берер едің? Оған деген сезіміңді қалай көрсетесің? Қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланасың?

Адамдарды портреттерде былайша бейнелеуге болады:

*С. Мәмбеев.*  
Терезе  
алдындағы  
қыз



Белуарға дейін  
салынған портрет

*Д. Веласкес.*  
Маргари-  
таның  
портреті



Ұзына бойы  
салынған портрет

*О. Таңсықбаев.*  
Автопортрет



Тура қарап салынған  
портрет (анфас)



Қырынан қарап салынған  
портрет (профиль)

*П. делла  
Франческа.*  
Герцог Феде-  
риго Монте-  
фельтроның  
портреті



Ертеде бір қаһарлы сұлтан өмір сүріпті. Бір күні ол суретшілерге өз портретін салуды тапсырады. Суретшіге қиын болғаны – оның бір көзі соқыр екен. Бірінші суретші сұлтанның портретін өзінен айнытпай салған, бірақ екі көзі де сау. Қаһарланған сұлтан байғұс суретшінің басын алуды бұйырады. Сөйтіп, сұлтанның портретін салуға екінші суретші кіріседі. Ол сұлтанның шынайы, бір көзі жоқ портретін салады. Мұны көрген сұлтан одан сайын ашуланады. Ал үшінші суретшінің салған портретіне сұлтан риза болыпты.



Суретші сұлтанды қалай бейнелеген деп ойлайсың?  
Портреттердің бірінен осы сұрақтың жауабын табасың.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов та сурет салған. Оның суреттерінде өзі өмір сүрген кездегі адамдардың алуан түрлі портреттері бейнеленген. Біз ол суреттерден сол замандағы қазақтардың кескін-келбеті, киім киісі, тұрмысы жайлы мол мағлұмат аламыз.



Суретші үшін ең бастысы – батылдық. Тіпті сен өте танымал тұлғаның суретін салатын болсаң да, оның атағынан жасқанба. Ол адам туралы көбірек біліп, оның түр-әлпетін зертте, суретінде сен үшін ең маңызды нәрсе мен өз сезіміңді көрсете біл.

## АТАҚТЫ ТҮЛҒАНЫҢ ПОРТРЕТІНЕ ЖАҚТАУ ЖАСАЙМЫЗ



Саған қатырма қағаз, қайшы, өткір пышақ, сызғыш, қарындаш, түрлі түсті фломастерлер керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ


1. Суретінді не фотосуретінді қатырма қағаздың теріс жағына қойып, айналдырып сыз.

2. Суреттің шетінен ішке қарай 1 см өлшеп, жақтаудың ішкі жағын сал.

3. Суреттің шетінен 3–5 см өлшеп, жақтаудың сыртқы жағын жаса.

4. Үлкендерден пышақпен жақтаудың ішкі жағын кесіп беруін сұра.

5. Жақтаудың ішкі жағын қайшымен қиып ал. Оны оң жағына аудар.



6. Жақтауды ол адам немен айналысатыны түсінікті болатындай етіп әшекейле. Егер ол композитор, өнші, музыкант болса, жақтауға нота, музыкалық аспаптарды бейнелеуге болады. Спортшы болса, әр алуан ойын түрлері мен оған қажетті құрылғыларды сала аласың.

Жақтауды безендіру үшін әртүрлі табиғи және жасанды материалдарды пайдалан.



Мына портретте кім бейнеленген? Музыкант па, ғалым ба? Спортшы ма әлде жазушы ма? Жақтау дұрыс жауапты табуға көмектесті ме?



## ПОЛИМЕР БАЛШЫҚТАН ЖАҚТАУ ЖАСАЙМЫЗ

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Ғаламтордан өзіңе ұнайтын адам туралы мәлімет тап. Ол адамның портретін тауып алып, қағазға шығарып ал.

2. Полимер балшығының керекті түсін таңда немесе алуан түсті ермексазды араластырып, қажетті реңкті шығар.

3. Полимер балшықты ұзынынан шират. Олар портреттің өлшеміне сәйкес келу керек. Оларды қалыңдығы 3–4 мм, ал ені 3 см болатындай етіп жалпақта. Жақтаудың пішініне сәйкестендір де, оны кептір.



4. Жақтау тақырыпқа сай болу керегін ұмытпа. Полимер балшықтан ұсақ бөлшектерді мүсіндеп, жақтауға жапсыр.

5. Портретті қатты қағазға жапсырып, оны жақтауға желімде.

?!

1. Портретте кім бейнеленген?
2. Бұл адам туралы не айтасың?
3. Осы мамандықтағы тағы кімді білесің? Олар туралы айтып бер.
4. Портретке жақтау сәйкес келе ме? Толық жауап бер.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Бірнеше атақты тұлғаны ата. Оларды не себепті атақты деп санауға болатынын дәлелде.

2. Портрет туралы қандай жаңа нәрсе білдің?

3. Портреттің қандай түрлерін білесің?

4. Портрет бейнелеу өнерінің қай түріне жатады?

5. Адамды портретте қалай бейнелеуге болады?



?!

1. Жақтау жасауға кімнің портретін таңдағаныңды айтып бер.

2. Ол сені несімен қызықтырды?

3. Ол портретке қандай жақтау жасадың?

4. Жұмысыңның айтпақ ойы не?



САЛТАНАТТЫ ПОРТРЕТ  
КАМЕРАЛЫҚ ПОРТРЕТ  
ҚЫРЫНАН ҚАРАП САЛЫНҒАН ПОРТРЕТ (ПРОФИЛЬ)  
ТУРА ҚАРАП САЛЫНҒАН ПОРТРЕТ (АНФАС)

## СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- реңк дегеніміз не екенін;
- ою-өрнектің не екенін



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;



- судың адам тіршілігі үшін маңызын;
- судың ою-өрнектерде бейнеленуін;
- теңіз бейнеленетін жанр қалай аталатынын;
- пуантилист-суретшілер қалай жұмыс істейтінін



БІЛЕСІҢ;



- «марина» жанрындағы туындыларды ажыратуды;
- теңізді әртүрлі жолдармен бейнелеуді;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



МАРИНА  
МАРИНА  
MARINE

ҮЙРЕНЕСІҢ.



## АДАМ ТІРШІЛІГІНДЕГІ СУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Адам суды үнемі пайдаланады. «Су – табиғат байлығы, өзен-көлге барғайсың...» деген өлең жолдары бар екенін білесің бе? Біз сумен кір жуамыз, үй тазалаймыз. Сусыз тағам пісіре алмаймыз. Адам күніне 2 литрдей су ішеді. Су болмай қалды деп елестетіп көрші. Адам қалай өмір сүретін еді?



Судың адам тіршілігі үшін маңызы туралы шағын әңгіме құра.

Жер бетінде көптеген су айдыны бар. Олар: мұхит, теңіз, өзен, көл.



1. Өзің білетін су айдындарын ата.
2. Қазақстанның аумағынан қандай өзендер ағады?

МАРИНА  
МАРИНА  
MARINE

Сусыз өмір жоқ. Жер бетіндегі алғашқы тірі ағзалар суда пайда болған. Ежелгі өркениеттің бәрі су айдынының – өзен, теңіздердің жанынан табылды. Қалай ойлайсың, неліктен?


Судың әртүрлі қалпы бар. Жаңбыр, ұлпа қар, өрнекті қар ұшқыны, күнге шағылысқан сүңгі, шөйнектің буы, мұзайдындағы мұз – мұның бәрі су.



1. Дүниетану сабағынан су туралы білгеніңді есіңе түсір.
2. Табиғаттағы су айналымы туралы айтып бер.

## ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДЕГІ СУ БЕЛГІСІ

Судың адам тіршілігі үшін маңызы зор болғандықтан, Ежелгі Грекия өнерінде судың символдық бейнесі пайда болған. Сәулет өнерінде, киім-кешек, ыдыс-аяқтарда өзен аттас «меандр» деп аталатын өрнек болды. Өрнекте өзеннің иірімді жағасы мен су ағыны бейнеленген. Сан ғасыр өтсе де, бұл өрнек түрі Грекиядағы ғана емес, басқа елдердегі бұйымдарға да сән беріп тұр.



Аталған өрнек негізінде басқа өрнектер пайда болды. Оны әр халықтың қолөнерінен көре аласың.

Толқын тәрізді өрнекті ұлттық ою-өрнектерден де кездестіруге болады. Ол «бітпес» деп аталады. Бұл өрнек түрімен кілем, текемет, сырмақ, киім, ыдыстарды әшекейлейді.



Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден су туралы қызықты мәліметтерді тауып оқып, жақындарың және достарыңмен бөліс.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ТЕҢІЗ ПЕЙЗАЖЫ

Бейнелеу өнерінде «марина», яғни «теңіз пейзажы» деп аталатын тұтас жанр бар. «Марина» теңіз деген мағынаны білдіреді. Суретші И. Айвазовскийдің соңғы жұмыстарының бірі де «Марина» деп аталады.

Осы жанрда сурет салатын суретшілерді **маринистер** деп атайды. Олар теңіз көрінісін бейнелейді.



Ең әйгілі маринистер – Иван Айвазовский және Уильям Тёрнер.



*И. Айвазовский. Теңіздегі күннің батуы*



1842 жылы Уильям Тернер «Бұрқасын» атты картинасын салады. Кеме айлақтан шығып, қайраңға батып қалады да, апат белгісін береді. Суретші бәрін өз көзімен көріп, апатты дәл беру үшін матростарға өзін діңгекке байлап қоюын сұрайды. «Мені төрт сағатқа байлап тастады, мен тіпті аман қаламын деп үміттенбедім. Алайда егер тірі қалсам, бұл туралы жеткізуді парызым деп санадым».



И. Айвазовский мен У. Тёрнердің картинасына мұқият қарап, оларды суретте. Картиналар сені қандай сезімге бөлейді? Айтып бер.

## ТЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ БЕЙНЕЛЕЙМІЗ?

Бәлкім, күн сәулесі түскен судың беті мың құбылатындықтан болар, суретшілер суды бейнелегенді ұнатады.

?!

Реңк дегеніміз не және суретші оны палитрада қалай шығаратынын есіңе түсір.

Сен Айвазовский мен Тёрнердің жұмыстарымен таныссың. Басқа суретшілердің су мен теңізді қалайша түрлендіріп салатынына қарашы.

Голланд суретшісі В. Ван Гогтің туындысындағы теңіз қалың жағылған бояумен салынған. Ол дәл осылай толқынның қозғалысы мен иірімдерін береді. Суретші суреттерін майлы бояумен салған. Сен теңізді гуашьпен бейнелей аласың.



В. Ван Гог. Сент-Маридегі теңіз

?!

Гуашь бояулары мен бояу жағындысының әсерлілігі туралы білетініңді есіңе түсір.

1



2




Теңіз толқынын дәл беру үшін гуашь бояуларымен, қылқаламмен, бояу жағындысымен бейнелеген дұрыс (1). Сондай-ақ палитрада керек түстерді шығарып, умаждалған газетті бояуға мала отырып, қағазға толқын тәрізді иректөп жағасың. Сонда тулаған толқын пайда болады (2).



Теңізді акварельмен бейнелесе өте әдемі көрінеді. Акварельмен салынатын сурет дәлдік пен жылдамдықты талап етеді, бояу кеуіп кетпей, қағазға еркін жағылуы тиіс. Австралиялық суретші Джозеф Збуквич акварельмен тамаша теңіз пейзаждарын орындайды.



Акварель бояуларының ерекшелігі туралы білетініңді есіңе түсір.



1




2

Акварель – суды жақсы көретін бояу. Палитрада керекті түстерді шығар. Қағаз парағын сулап, дымқыл парақтың бетіне акварельмен жұмысыңды баста. Бояу езіліп, басқа реңктермен қосылып, жаңа реңктер мен су ағындылары пайда болады (1).

Ал егер сен көбікті толқынды бейнелегің келсе, дымқыл суреттің бетіне тұз себуіңе болады. Тұз кейбір жерлердегі бояуды сіңіріп, көбікті су тәрізді болады (2). Тұздың артығын сілкіп тастай аласың.




Теңіз тек көк түсті болмайды екен. Су жарықтың түсуіне қарай күлгін, қызыл, сары, тіпті жасыл болып көрінуі мүмкін.



Түрлі бейнелерді нүкте тәріздес жағылған бояулармен өте әсерлі етіп бейнелеген суретшілер «пуантилизм» (француздың «*пуант*» сөзі «нүкте» деген мағынаны білдіреді) деп аталатын сурет салу мәнерін ойлап тапты.



П. Синьяк. Сен-Тропедегі порт



П. Синьяктің «Сен-Тропедегі порт» картинасынан көрініс

Пуантилист-суретші Поль Синьяктің картинасына алысырақтан қарасаң, күн сәулесінен құбылған теңізді көруге болады. Ал егер жақынырақ үңілсең, онда көз қарықтырған түс пен реңктің жүздеген нүктесі арқылы айдын судың кереметін көре аласың.





Суретшінің жұмыстарына зейін қойып қарап, түс пен реңктің көптеген түрін байқауға тырыс.

Қажетті түсті бояуларды палитрада араластыру арқылы ғана емес, сонымен қатар түсті дақтарды қатарлап жағу арқылы да алуға болады екен. Мұндай тәсіл **оптикалық араластыру** деп аталады. Пуантилистер оны табиғаттың ерекше құбылысын беру үшін пайдаланады. Майда, ұсақ дақтар жылт-жылт етіп, ауа қозғалысын көрсеткендей.




1. Өлшемі кіші екі қағаз парағын ал (5×4 см). Қағаздарға қылқаламмен немесе матрицамен көгілдір түстің әртүрлі реңктерімен нүктелер салып шық. Оларды кептір.



2. Одан соң көгілдір нүктелердің арасына қызғылт түстің әртүрлі реңктерімен нүктелер қой.

3. Екі қағазды қатар қойып, оларға алыстан қара. Өрбір парақтың түсін анықта. Сен жаңа түсті қандай тәсілмен шығардың? Қорытынды жаса.



1. Мына түске алыстан қара.
2. Ол қалай алынған? Толық жауап бер.



Кәне, біз де пуантилист-суретшінің тәсілімен жұмыс істеп көрейік. Саған өлшемі 15×20 см түрлі түсті қатты қағаз, жай қарындаш, гуашь бояуы, басы дөңгелек қылқалам, палитра, су құятын ыдыс, қол сүртетін орамал керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. Қағазға суреттіңнің сыртқы кескінін сал.
2. Палитрада теңізді бейнелейтін бояу реңкін шығарып, теңіздің бетін бір-бірінен алшақ нүктелермен толтыр.
3. Желкеннің түсін таңдап, орналасқан жеріне нүктелерді сал.
4. Теңіздің тағы бір түс реңкін таңдап алып, нүктелерді қойып шық.
5. Осылайша әртүрлі реңктермен жұмыс істе.
6. Желкенге де реңктерді таңдап, оны алуан түрмен беріп көр.
7. Күнді де нүктелермен толтырып шық.

Саған пуантилист-суретші ретінде жұмыс істеген ұнады ма?





## ЕСТЕ ҚАЛАР ТЕҢІЗ

Егер сен теңізді жақсы көрсең, бөлмеңе сән беретін қызықты кәдесый жасай аласың. Мұндай кәдесыйды досыңа сыйлауыңа болады.



Саған пішіні ерекше кішірек бөтелке, қақпақ, бір қорап ірі тұз, гуашь бояуы, бір рет қолданылатын шағын ыдыс пен қасық керек.

### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ



1. Бір уыс тұзды ыдысқа сал. Қасықтың ұшымен көгілдір немесе көк түсті гуашь пен бірнеше тамшы (3–5) су қос. Оларды араластыр.



2. Тұзды қағаздың бетіне аударып, әбден кептір. Тұз кепкенде, ірі бөліктерін қолыңмен ез.



3. Теңіздің басқа реңктерін де осы жолмен шығар. Тұзға гуашь бояуының басқа түсін қос (көк, күлгін). Түстерді араластырып, қажетті түстерді ал.



4. Құм түстес тұзды қосуды ұмытпа. Егер саған ашық түс керек болса, онда тұзды көбірек қос.

5. Бөтелкені тұзға толтыр. Түбіне құм түстес тұзды сеп. Біртегіс себуге тырыс. Ол үшін бөтелкені сілкіп, бірінші қабатты тегісте.



6. Келесі қабаттарын мұқият сеп. Тұзды сепкен сайын бөтелкені бір қырына қисайтып, тұз бір жағында көбірек болатындай етіп сал.



7. Бөтелкені әртүрлі реңкті тұзбен толтыр. Соңғы қабатында ақ тұз болсын. Бөтелкені қисайтпа. Тұз араласып кетпеу керек. Бөтелкенің қақпағын жап. Сенің көдесыйың дайын!



Егер сен бөлменді сәндегің келсе, тұтас теңіз натюр-мортын жасауға болады. Бөтелкенің жанына бір-екі ұлу қабыршағын және тағы басқа заттарды қой. Сенің натюр-мортың теңізді еске түсіріп, көңіл күйіңді көтереді!



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Алғашқы тірі ағзалар қайда пайда болды?
2. Адамға су не үшін керек?
3. Ежелгі грек өрнегі қалай аталады?
4. Теңізді суреттейтін бейнелеу өнерінің жанры қалай аталады?
5. Теңізді бейнелеген әйгілі суретшілерді ата.




1. Су мен теңізді қандай тәсілдермен бейнелеуге болады?
2. Сен қандай тәсілдерді қолданып көрдің?
3. Олардың қайсысы қызығырақ көрінді?
4. Пуантилист-суретші жұмысының мақсаты не?



МАРИНА

ПУАНТИЛИЗМ

## ДЕМАЛУ МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР



СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- қандай мерекелер бар екенін;
- дизайнердің міндеті не екенін



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІҢ;



- мереке бояуларын;
- демалыс түрлерін;
- әртүрлі аттракциондар туралы



БІЛЕСІҢ;



- аттракцион нобайын сызуды;
- ойын алаңшасының үлгісін жасауды;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



АТТРАКЦИОН  
АТТРАКЦИОН  
ATTRACTION

ҮЙРЕНЕСІҢ.



## МЕРЕКЕЛЕР МЕН ДЕМАЛЫС

Біздің елімізде көптеген мемлекеттік және кәсіби мерекелер бар. Адамдар мереке күндері демалады, қонақ күтеді, өздері де қонаққа барады, саябақ пен демалыс орындарын аралайды.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Қазақстан – көп-ұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-ға жуық ұлт пен ұлыс тұрады. Бұл күні әртүрлі ұлт өкілдері ұлттық киімдерін киеді. Қала көшелерінде қызықты ойын-сауық пен қойылымдар ұйымдастырылады. Ұлттық орталықтар өз ұлтының мәдениеті және дәстүрімен таныстырып, концерт қойып, ұлттық тағамдарынан дәм ұсынады.



1. Сен қандай мерекелерді білесің?
2. Оларды отбасыларыңда қалай атап өтесіңдер?
3. Мереке күндері қайда барасыңдар?

АТТРАКЦИОН  
АТТРАКЦИОН  
АТТРАКЦИОН





## МЕРЕКЕ БОЯУЛАРЫ

Адамдар мереке күндері бар жақсысын киеді. Қалалар айшықты плакат, ту, иллюминациялармен безендіріліп, ерекше күйге бөленеді. Алуан түрлі түстерді байқаймыз. Онда әдетте ашық тұнық түстер мен қарама-қарсы бояулар көрініс табады.



А



Ә



Б



1. А, Ә және Б түсті композицияларын салыстыр. Олардың қайсысы мерекелік көңіл күйді береді? Әрбір түс үйлесімін сипатта.
2. Түс үйлесімдеріне қандай музыканы таңдар едің? Жауабыңды түсіндір.

## КӨҢІЛДІ АТТРАКЦИОНДАР

Мереке және демалыс күндері адамдар саябаққа барып, әртүрлі аттракциондарды көріп, көңіл көтереді. Аттракциондарды инженер-құрастырушылар мен дизайнер-суретшілер ойлап табады. Қазіргі аттракциондар өте әдемі.



1. Дизайнер-суретші дегеніміз кім екенін есіңе түсір.
2. Оның жұмысындағы басты ұстанымдарды ата.



1955 жылы Калифорнияның Анахайм қаласында Диснейленд ойын-сауық және аттракцион саябағы ашылды. Бұл – балалардың сүйікті мультфильмдеріндегі кейіпкерлермен кездесіп, алуан түрлі таңғажайыптарды көретін орны. Ал үлкендер балалық шақтарына қайта оралады. Содан бері Диснейленд адамдар көп баратын, көңіл көтеретін орынға айналды. Оны бүгінге дейін 600 миллионнан астам адам тамашалаған.



## ӨЗ АТТРАКЦИОНЫҢДЫ ОЙЛАП ТАП

Қарашы, жас суретші мынадай айналаны шолу шеңберін ойлап тауыпты. Оны адамдар кабинадан түскен соң, теңіз мекендеушілерін қызықтау үшін теңіз жағасына орналастырған. Одан кейін жоғарыға көтеріліп, қаланың көркін тамашалайды.




Сен де дизайнер-суретші ретінде өзіңді сынап көре аласың.

Өз аттракционыңды ойлап тауып, оның қалай жұмыс істейтінін, сыртқы түрі қалай болатынын жобала. Түс үйлесіміне назар аудар. Аттракционның нобайын жаса. Оған атау бер.

?!

Мына аттракциондарға қандай атау берер едің? Балалардың жасаған жұмысын көр.



Сен қағаздың қасиеттерін білесің. Енді пластикалық материалмен жұмыс істеп көр. Ол иілгіш, берік әрі оны желімдеу қиын емес. Бұл саған келесі жұмысты орындауға қажет болады.



## ОЙЫН АЛАҢШАСЫНЫҢ ҮЛГІСІН БІРІГІП ЖАСАЙМЫЗ

Тек саябақта ғана емес, аулада да демалуға болады. Ең жақсы демалыс – қызықты іспен айналысу. Аулаңды демалыс орнына қалай айналдыруға болатынын ойланyp, достарыңмен бірге ойын алаңшасының үлгісін жасаңдар.

**Үлгі** – алда жасайтын жұмысыңның кішірейтілген өлшемі.



Сен жазық және көлемді пішіндермен жұмыс істейсің. Олардың қалай аталатынын есіңе түсір.



Саған түсті қатырма қағаз, түсті қағаз, бөтелкенің қақпағы, бір рет қолданылатын ыдыс (түсті төрелкелер мен стақандар), қарындаш, сызғыш, қайшы, желім керек.



### ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ

1. 5–6 адамнан топқа бөлініңдер.
2. Алаңшаның идеясы мен жұмыс жоспарын талқылап, кім не істейтінін бөлісіңдер. Үлгінің өлшемі қандай болатынын шешіңдер.
3. Әрқайсысың алаңшаның бір нәрсесін жасаңдар. Ол өткеншек, төбешік, жаттығу құрылғысы, ағаш, көгал немесе орындық болуы мүмкін.

Сендер сәулет кешенін бұған дейін бірігіп жасадыңдар, сондықтан алаңшаға өзгеше үлгілер жасау қиындық тудырмайды.

### ҚАНДАЙ ҚҰРАМАҚТАР ЖАСАУҒА БОЛАДЫ?

**1. Баспалдақты төбешік.** Бір рет қолданылатын 4 түсті стақан дайында. Біреуін сол күйінде қалдыр, ал қалған үшеуінің жоғары жағынан 2–4 және 6 см өлшеп, қиып ал.

Одан соң үш стақанның төменгі жағынан 2 см өлшеп, суреттегідей етіп (1-сурет) бір бөлігін қию керек.





Стақандарды суретте көрсетілгендей (2-сурет) бір-біріне кигіз.

2

Ең биік стақанның түбіне түсті қағаздың бір ұшын жапсырып, екіншісін астындағы қағазға желімде. Сонда мынадай төбешік жасайсың (3-сурет).



3



2. **Баспалдақ.** Бір түсті қатты қағаздан ені 1,5 см, ұзындығы 30 см екі қағаз қиып ал. Оларды екіге бүкте. Ені 0,7 см, ұзындығы 5 см түрлі түсті қағаздарды қи. Қағаз қиындыларын арақашықтығын бірдей етіп алдымен бірінші қағазға, одан кейін екіншісіне желімде (4-сурет).

4

3. **Шеңбер баспалдақ** сияқты жасалады. Алайда қағазды ұзынырақ етіп алу керек. Көлденең қағаздарды соңына дейін желімдеп, суреттегідей шеңбер жаса (5-сурет).



5



4. **Өткеншек.** Өткеншек жасау үшін өлшемі 1,5×15 см 3 қағаз жолағын қиясың. Оларды суреттегідей етіп желімдейсің.

6

7

Қағаздарды басқа түсті дөңгелекке желімде де, олардың шетіне орындықтарды жапсыр. Енді дайын өткеншекті қақпақтың бетіне желімде, сонда ол жоғары көтеріліп тұрады (7-сурет).




Балалар ауласына өз бетіңше басқа да аттракциондарды ойлап тап. Ғаламтордан, энциклопедия және т.б. дереккөздерден керекті мәліметтерді ал.



Балалар алаңын көгалдандыру жолдарын ойлан. Шыршаны қалай жасағаныңды есіңе түсір.

5. Шөптерден әдемі көгал жасауыңа болады. Ол үшін жасыл қағазды (8×30 см) жолақтап қиясың (8-сурет). Оны орап, төбешік жасағанда өртүрлі стақандардан қалған сақиналарға кигіз (9-сурет).

8



9



**6. Ағаш.** Өлшемі 10×30 см қоңыр түсті қағазды ора. Бұл – ағаштың діңі. Диаметрі 12 см болатын дөңгелек қиып ал. Оның екі жағына жиырылған жасыл түсті қағазды желімде. Олардың реңкі әртүрлі болғаны дұрыс. Міне, ағаштың ұшар басын жасадың. Енді діңіне жапсыр.

Барлық бөліктерін жасағаннан кейін орналастыратын орнын таңдап, композицияны дайындау керек. Композиция қалай көрінеді екен? Егер бәрі көңілдеріңнен шықса, желімдеуге болады. Алаңшаның үлгісі дайын!

Бәлкім, балалардың кейбірі бұл жобаны өмірде жүзеге асырғысы келер. Балалар алаңшасын бірнеше топ жасағандықтан, ең үздік жоба байқауын ұйымдастыруға болады.



## ДЕМАЛЫС ПЕН САЯХАТ

Демалыстың түрі көп. Біреулер бос уақытында кітап оқып, фильм көреді. Театр, концерт мұражайға барғанды ұнататындар бар. Енді біреулер саяхатқа шықпаса, демалдым деп есептемейді.

Жазғы каникул таяп қалды. Көптеген отбасылар саяхатқа жиналып жатыр.



Саяхаттың да түрі сан ал-уан. Мысалы, өзге елге барып, оның тарихы, мәдениетімен танысуға болады немесе туған өлкенің көрікті орындарын аралай аласың. Саяхаттың бұл түрі де қызық.



1. Қазақстандағы қандай көрікті орындарды білесің?
2. Өзің қай жерде болдың?
3. Саяхатқа шыққанда бәрінен де нені жақсы көресің?



Аула мен көшеге шығып та саяхат жасауыңа болады. Жақындарың мен достарыңды табиғатқа саяхатқа шақыр. Қызықты нәрселерді көруге талпын.

Гүлдеген жеміс ағашы, піскен алма, көгалға сән берген бақбақ, көрікті ғимараттар, тіпті қисайып тұрған қақпа да сенің назарыңа ілінуі мүмкін.

Серуенге шыққанда ағаштың қанша түрін көргеніңді сана. Адамдарға қарап, қызықты дүниелерді көзіңнен қалт жібермеуге тырыс. Мұның бәрі сенің білім қоржыныңа жиналып, сурет салғаныңда пайдаға асады.



Өзіңмен бірге әрдайым қойындәптерің мен қарындашыңды ала жүр. Тартымды нәрселерді бейнелеуге талаптан. Сен бұл жобаны ата-анаңмен бірге орындайсың. Олар сенімен бірге саяхатқа шығып, өзіңмен бірге ғажайыптар әлемінің құпияларын ашады.



## ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ. БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Біздің елімізде қандай мерекелер бар?
2. Сенің ең жақсы көретін мерекең қандай? Толық жауап бер.
3. Мерекеге сән беру үшін қандай түстерді пайдаланады?
4. Демалыстың қандай түрін ұнатасың?



?!


1. Аттракцион дегеніміз не?
2. Оларды кім ойлап табады?
3. Аттракционның идеясы туралы айтып бер.
4. Өздерің жасаған ойын алаңшасының мақсаты не?
5. Онда қандай құрылғылар бар?



АТТРАКЦИОН  
ҮЛГІ

## ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАЙМЫЗ

Бұл пәннен қандай жаңа нәрселер білдің? Есіңе түсіріп, атап шық.



Бұл пән арқылы не үйрендің? Есіңе түсір де, атап шық.



## ҚЫСҚАША СӨЗДІК

**АВТОПОРТРЕТ** – суретшінің өзін бейнелеген туындысы.

**АКВАРЕЛЬ БОЯУЛАРЫ** – суда еритін мөлдір бояулар.

**АНИМАЛИСТ** – жануарларды бейнелейтін суретші.



**АНФАС ПОРТРЕТ (қасбет)** – адамды тура қаратып бейнелеу.



**АППЛИКАЦИЯ** – қағаз бетіне әртүрлі пішіндерді жапсыру арқылы жасалған сурет.



**АТТРАКЦИОН** – ойын-сауыққа арналған құрылғы.

**БАСПА-ТАҢБА** – қағаз парағына бояуы бар пішінді басу арқылы жасалған бейне.



**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ЖАНРЛАРЫ** – бейнелеу өнерінің нені бейнелейтінін білдіретін бөлімі. Мысалы, портрет жанрында адам, пейзажда табиғат бейнеленеді.

**БОЯУ ЖАҒЫНДЫСЫ** – кескіндеменің әсерлегіш құралы; қағаз бетіндегі бояулы қылқаламның ізі.



**БІР БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯ** – бір бейнеден тұратын композиция. Бір адамның портреті де бір бейнелі композиция деп саналады.

**ГРАФИКА** – басты әсерлегіш құралдары сызық, қысқа штрих, дақ болып табылатын бейнелеу өнері. Осы өнер түрінің шығармалары.



**ГРАФИК-СУРЕТШІ** – графика туындыларын жасайтын суретші.

**ГУАШЬ** – суда еритін қоймалжың бояулар және осы бояулармен орындалған туындылар.

**ДИЗАЙН** – заттарды әдемі әрі ыңғайлы етіп құрастырып, көркемдеу.



**ЖЫЛЫ ТҮСТЕР** – қызыл, қызғылт сары, сары түстер. Бұл түстер жылуды еске салады.



**ИЛЛЮСТРАЦИЯ** – мәтінді безендіретін суреттер.



**КАМЕРАЛЫҚ ПОРТРЕТ** – адамды күнделікті қалпында бейнелеу.

**КЕСКІНДЕМЕ** – бояумен салынатын бейнелеу өнерінің түрі.



**КЕСКІНДЕМЕШІ-СУРЕТШІ** – кескіндеме туындыларын жасайтын суретші.

**КОЛЛАЖ** – қағаз бетіне түсі мен фактурасы өзгеше табиғи және жасанды материалдарды жапсыру.



**КОМПОЗИЦИЯ** – суретті қағаз бетіне ойлаған тақырыпқа сай әсерлі етіп орналастыру. Әдетте тұтас туындыны «композиция» деп атайды.

**КӨЛЕМДІ БЕЙНЕ** – жан-жағынан қарауға болатын бейне.



**КӨЛЕМДІ ДЕНЕ** – жан-жағынан қарауға болатын заттар. Шар, текше, конус және т.б. – көлемді денелер.



**ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ (КОНТРАСТ)** – үлкен мен кішінің, зұлым мен мейірімдінің және т.б. қарама-қарсылығы.




**МАТРИЦА** – таңба жасауға арналған пішін.

**МИМИКА** – адам бет әлпетінің қимылдары.



**МАРИНА** (теңіз пейзажы) – бейнелеу өнерінің теңіз бейнеленетін жанры.

**МОЗАИКА** – тас, шыны, қыш, ағаш сияқты әртүрлі материалдардан жасалған бейне.



**МОНОТИПИЯ** – шыны немесе қатырма қағаздың бетіне салынатын түсті дақтардың таңбалары.



**МҮСІН ӨНЕРІ** – басты әсерлегіш құралдары көлем мен пішін болып табылатын бейнелеу өнерінің түрі.

**НАТУРА** – суретші қарап отырып салатын шынайы заттар.

**НАТЮРМОРТ** – жансыз, қозғалмайтын заттар бейнеленген қылқалам туындысы. Ол француздың «nature morte» – «өлі табиғат» деген сөзінен шыққан.



**НЕГІЗГІ ТҮСТЕР** – қызыл, сары, көк түстер. Осы түстерді араластыру арқылы құрама түстер алынады.



**ОРИГАМИ** – қағазды бүктеп түрлі бейнелер жасау өнері.

**ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТ** – отбасы мүшелері бейнеленген портрет.

**ОЮ-ӨРНЕК** – бұйымның бетіне түсірілген нақыш.



**ӨЛШЕМ** – қағаздың көлемі. Ол үлкен не кіші болады.

**ӨНЕР** – шығармашылық жұмыстың нәтижесі.



**ПАЛИТРА** – бояу араластыратын тақтайша.

**ПАСПАРТУ** – суретті безендіруге арналған қағаз не қатырма қағаздан жасалған жақтау.

**ПАСТЕЛЬ** – жұмсақ, түрлі түсті борлар. Ол құрғақ және майлы болады.

**ПОРТРЕТ** – адамдарды бейнелеу.



**ПЕЙЗАЖ** – бейнелеу өнерінің табиғатты бейнелейтін жанры.

**ПРОФИЛЬ** – адамдарды қырынан қаратып бейнелеу.

**ПШШМ** – сурет салынатын парақ өлшемі.

**ПШШН** – суретшінің басты әсерлегіш құралдарының бірі. Заттың сыртқы кескіні.





**ПУАНТИЛИЗМ** – әртүрлі түстегі нүктелер мен ұсақ дақтарды пайдалану арқылы жасалатын кескіндеме өнерінің бағыты.



**РЕҢК** – бір түстің құбылған түрлері. Бір түстің бірнеше реңкі болады.



**САЛТАНАТТЫ ПОРТРЕТ** – адамды салтанатты түрде бейнелеу.

**СӘНДЕУ** – әртүрлі заттарды ою-өрнектермен әшекейлеу.



**СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР** – тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау және әшекейлеу өнері.



**СӘУЛЕТ ӨНЕРІ** – ғимараттарды жоспарлап, жасау өнері.

**СӘУЛЕТ КЕШЕНІ** – идеясы мен безендірілуі ортақ бірнеше ғимарат.



**СИМВОЛ** – белгілі бір түсінік пен құбылысты білдіруге арналған шартты белгі.

**СИММЕТРИЯ** – заттың оң жағы мен сол жағы бірдей болатын құбылыс.



**СКРАПБУКИНГ** – қолдан альбом жасау өнері.

**СУЫҚ ТҮСТЕР** – көк, көгілдір түстер. Бұл түстер суықты көрсетеді. Жасыл және күлгін түс те суық түске жатады.



**СҰЛБА** – заттың дақ тәрізді кескіні. Әдетте қара түсті болады.



**СЫЗЫҚТЫҚ ПЕРСПЕКТИВА** – алыстағы заттар көрерменге жақын заттардан кіші болып көрінетін құбылыс.



**СЫЗЫҚ** – суретші түрлі бейнелерді салуға пайдаланатын басты тәсіл. Сызық нүктеден басталады. Суретшілер суреттерінде әртүрлі сызықтарды қолданады.

**ТОПТЫҚ ПОРТРЕТ** – екі не бірнеше адам бейнеленген портрет.

**ТҮС** – суретшінің басты әсерлегіш құралдарының бірі. Суретші бояуларды араластыру арқылы алуан түрлі түстерді алады.



**ТҮС ҮЙЛЕСІМІ** – бірнеше түстің өзара сәйкес келуі.

**ФАКТУРА** – материалдың сыртқы қабаты.



**ШТРИХ** – қысқа сызықтар, график-суретшінің басты әсерлегіш құралдарының бірі.



**ҮЛГІ** – алда жасайтын жұмыстың кішірейтілген нобайы.



## ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Төмендегі әдебиеттер тізімі мұғалімдер мен оқушыларға бастауыш мектепте көркем еңбек сабағына дайындалуға керек болады.

1. *Агамирян Ж. С.* Детская картинная галерея. – М., 1979.
2. *Алехин. А. Д.* Когда начинается художник. – М., 1994.
3. «Академический проект», 1997.
4. *Альбедиль М. Ф., Березкин Ю. Е.* Жилища народов мира. – М: Вектор-Детство, 2015.
5. Альбомы из серии «Рисуют дети мира. Казахстан».
6. *Анистратова А. А., Гришина Н. И.* Поделки из бумаги. – М.: Оникс, 2010.
7. *Афонькин С. Ю. и Афонькина Е. Ю.* Оригами. Игры и фокусы с бумагой. – С-Пб., 1994.
8. *Байжігітов Б.* Бейнелеу өнерінің теориялық мәселесі. – Ақтөбе, 2003.
9. *Бакушинский А. Б.* О задачах и методах воспитания. – М., 1988.
10. *Берри Барбара Дайан.* Рисуйте свободно! – М.: Манн. Иванов и Фербер, 2014.
11. *Выготский Л. С.* Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.
12. *Долженко Г.И.* Сто поделок из бумаги. – М.: Академия развития, 2006.
13. *Дубровская Н.В.* Большая книга аппликаций из природных материалов. – М.: Астрель, 2010.
14. *Джанибеков У.* Казахский костюм. – Алматы: «Өнер», 2005.
15. *Есимханов А., Жангильдин Е.* Казахская национальная одежда. – Алматы: Дидар, 1998.
16. Иллюстрированный атлас мира. – М.: Белый город, 1998.
17. *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2010.
18. *Қайдаров Ә., Өмірбеков Б.* Сырға толы түр мен түс. – Алматы, 1976.
19. *Мұхтарұлы С.* Шоқан және өнер. – Алматы, 1985.
20. *Төлебиев Ә.* Сурет сала білесің бе? – Алматы, 1989.
21. *Төлебиев Ә.* Сурет салуды үйрен. – Алматы, 1993.
22. *Төлебиев Ә.* Өнер өрісі. – Алматы, 1996.
23. Ежелгі Қазақстанның аңыздары. – Алматы: Аруна, 2008.

## КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Үшкір заттармен жұмыс істегенде жан-жағыңа алаңдама. Егер бір нәрсе сұрағың келсе, үшкір заттарды бір шетке ысырып қой.
- Қарындаш, қылқалам, фломастер, қайшы және т.б. үшкір заттарды ұстап тұрып, қолыңды сілтеме. Өзіңді және жаныңдағы адамды жарақаттап алуың мүмкін.
- Үшкір заттарды арнаулы қорапқа сал. Қайшыны ашық күйінде қалдыруға болмайды. Қайшының жүзіне қолыңды жақындатпа, қайшының ұшын жоғары қаратып ұстама.
- Желіммен жұмыс істегенде, желімді көзіңе, аузыңа тигізбе. Киіміңді ластама.
- Ұсақ заттармен жұмыс істегенде ұқыпты бол. Жан-жағыңа алаңдама. Оларды жерге тастама, аузыңа салма.
- Суды жерге төкпе. Төгіп алсаң, ылғал жерді шүберекпен сүртіп ал.
- Егер саған қандай да бір нәрсені үтіктеу керек болса, абай бол. Ыстық үтікті ұстама, матаның бетіне қойма. Қызу температурасы матаның түрі мен сапасына сәйкес келу керек. Үтікті өшіріп, орнына қоюды ұмытпа.

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз</b> .....	3
<b>Жанды табиғат</b>	
Сені қоршаған орта .....	5
Симметрия дегеніміз не? .....	6
Суреттегі штрихтің әсерлілігі .....	8
Бояу жағындысы – кескіндемеші-суретшінің әсерлегіш құралы .....	10
Жапырақтарды өртүрлі тәсілмен бейнелейміз .....	12
Суретшілер жанды табиғатты қалай бейнелейді? .....	14
Жануарлардың көлемді бейнесін жасаймыз.....	16
Ұжымдық композиция жасаймыз .....	18
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	20
<b>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</b>	
Иллюстрация дегеніміз не? .....	22
Композициядағы қарама-қарсылық (контраст) .....	24
Қарама-қарсы түстер.....	26
Қарама-қарсы композиция құрастырамыз .....	28
«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бүктемелі кітабын жасаймыз .....	30
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	32
<b>Уақыт</b>	
Уақытты қалай анықтаймыз? .....	34
Сызықтық перспектива .....	36
Перспективалы сурет салып үйренеміз.....	38
Жыл мезгілдерін бейнелейміз .....	40
Жаңажылдық шеберхана .....	42
Шыршаға ілетін өшекейлер .....	44
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	46
<b>Сәулет өнері</b>	
Адамдардың ежелгі баспанасы .....	48
Ежелгі баспана түрін жасаймыз .....	50
Сәулет өнері дегеніміз не? .....	52
Орталық Азияның және Қазақстанның сәулет өнері .....	54
Қазақстанның қазіргі сәулет өнері .....	55
Ғимарат үлгілерін ойлап тауып, суретін салып үйренеміз.....	56
Сәулет жобасын ұжым болып жасаймыз .....	60
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	62

<b>Өнер</b>	
Өнер дегеніміз не? .....	64
Бейнелеу өнерінің түрлері .....	66
Бейнелеу өнерінің жанрлары .....	70
Түс және символ .....	74
Белгі символдары .....	75
Өнер түрлерін білдіретін белгілер жасаймыз .....	76
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	78
<b>Атақты тұлғалар</b>	
Атақты өнер тұлғалары .....	80
Қазақстанның атақты тұлғалары .....	82
Портрет түрлері .....	84
Атақты адамның портретіне жақтау жасаймыз .....	88
Полимер балшықтан жақтау жасаймыз .....	89
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	90
<b>Су – тіршілік көзі</b>	
Адам тіршілігіндегі судың маңызы .....	92
Ұлттық ою-өрнектердегі су белгісі .....	93
Бейнелеу өнеріндегі теңіз пейзажы .....	94
Теңізді қалай бейнелейміз? .....	95
Есте қалар теңіз .....	100
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	102
<b>Демалу мәдениеті. Мерекелер</b>	
Мерекелер мен демалыс .....	104
Мереке бояулары .....	105
Көңілді аттракциондар .....	106
Өз аттракционыңды ойлап тап .....	107
Ойын алаңшасының үлгісін бірігіп жасаймыз .....	108
Демалыс пен саяхат .....	112
<b>Таныстыру, талдау және бағалау.</b>	
<b>Білім мен білік қоржыны</b> .....	114
Қысқаша сөздік .....	116
Қосымша әдебиеттер тізімі .....	124
Көркем еңбек сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері .....	125

О қ у б а с ы л ы м ы

**Раупова Надежда Алимовна  
Төлебиев Әбдуәли Төлегенұлы  
Дашкевич Елена Валерьевна**

**КӨРКЕМ ЕҢБЕК**

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Н. Бекхожаева*  
Суретшісі *Н. Раупова*  
Көркемдеуші редакторы *А. Бекқожанова*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ №027

Теруге 28.01.2018 берілді. Басуға 19.05.2018 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,44. Есептік баспа табағы 3,24.  
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс №3447.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

